синтездеуге тырысады. Себебі, эмиграция жеке адамның шешімі ғана емес, сонымен қатар отбасының мәселесі, белгілі бір топпен ақылдаса отырып шешетін амал-әрекет деп қарастырады. Оған мемлекеттегі экономикалық жағдайдың да үлкен ықпалы бар. Себебі, миграция отбасылық жағдайды жақсартатын болса, онда миграцияға деген стимул күшейеді. Егер мемлекеттің экономикалық әлеуеті жоғары болса онда эмиграция азаяды. Мұндай жағдайда мемлекеттің ішкі нарығына инвестицияның көбейетіні анық.Қоғамдық капитал теориясы бойынша акцентті бұрынғы реиммигрантарға қояды. Олардың жергілікті еңбек нарығына әсері қандай екендігін анықтайды. «Қоғамдық капитал» ретінде түрлі мемлекеттік, қоғамдық және коммерциялық институттар бола алады. Яғни, олар мигранттар арасында «делдал» болуы шарт.

Сегментелген еңбек нарығының теориясы (екі жақты) индустриялдық және постиндустриялдық мемлекеттердегі халықаралық еңбек миграциясын қалыпты жағдай деп түсіндіреді. Еңбек нарығының екі еселенуі де осы дамыған елдерде жүреді. Мәселен, мемлекеттің азаматтары жалақы жоғары бірінші салалы еңбек нарығында жұмыс атқарады. Ал, жалақысы төмен екінші деңгейлі еңбек нарығында шетелдің еңбек күші жұмыс істейді. Мұндай үдерістер әлемдік деңгейдегі мегаполистерге тән құбылыс деп атауға болады. Сауд-Арабия, БАӘ, Малазия, АҚШ, Ұлыбритания, Канада және т.б. мемлекеттер сапалы және екінші сортты жұмыс күшін белсенді пайдаланатын мемлекеттер болып саналады.

Технологиялық даму теориясын жақтаушылар экономика мен демографияның дамуына мигранттардың берер үлесі орасан екендігін айтады. Келген иммигрант жергілікті халықпен бәсекеге түсіп бәсекелестікті күшейтеді, жалпы нарықтың бір бөлігі болады, мемлекеттің қойған салығын төлеп, мемлекеттегі көптеген нарық тұтынушыларының біріне айналатындығын ескертеді.Pull-Push теориясының (тарту және итеру) өкілдері әр потенциалды мигрантты мемлекеттен итеріп тұратын күш болатынын және дамыған мемлекеттердің өзінің мигрантқа жасалынған жағдайымен мигрантты тартып тұратынын зерттейді (миграцияға мемлекеттің экономикалық даму деңгейі, халықтың өмір сүру сапасы, таланттарға жасалынған жағдайдың болу-болмауы т.б. секілді факторлар әсер етеді). Жаратылыстан берілген бостандық, еркіндік деген құндылықтарды мигранттардың пайдалана алатындығын, олардың қайда және қалай жұмыс істейтіндігін жеке адамның өзі анықтайтынын теория өкілдері мойындайды.

Осылайша, заманауи қатынастарда миграция үдерістері адам және азаматтар өмірі үшін өте маңызды мәселе болып табылады. Бұл түсінікке отандық және шетелдік әлеуметтік ғылымдарда баса назар аудара отырып, халықаралық саяси және қоғамдық мәселерде орнын анықтап-ажырата білу қажет. Мигранттар мәселесі қоғамды тұтасымен өзгерте алатын жағдай болғандықтан оған мемлекетті басқару, мемлекеттік реттеу, қоғамды дамыту істерінде басты назарда ұстаған жөн.

Әдебиеттер

1. Қазақстан және ТМД елдері. Квартал сайын шығатын журнал. – Алматы: Қазақстан Республикасының статистика агенттігі. – 2000. – №1. – 259 б.

2. Ғали Ә. Этнодемография және саясат сыры / Ә. Ғали, Д. Ғали. – Астана, 2003. – 94-100 б.

3. Еңсепов Қ. Қазақстандағы көші-қон процестері және оның зерттелуі / Қ. Еңсепов. – Алматы, 2007. – 97 б.

4. Концепция миграционной политики Республики Казахстан.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі қаулысы. – Алматы. – 2000. – 132 б.

ӘОЖ 631.45

А.И. Ермекбаева
Ғылыми жетекшісі: ***Ж.К. Бопиева,*** *э.ғ.д., доцент*
ҚазЭҚХСУ

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстанды дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті дамыған 30 елдің қатарына қосудың басты тетігінің бірі бүгінгі таңда еліміздегі шағын және орта бизнесті дамыту болып табылмақ.

Қазақстан Республикасында әртүрлі нысандағы нарықтар қалыптасуда. Бұл ұзақ мерзімді міндет болып табылады. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауында көрстеілген «әлсіз және дамымаған нарықтарда, нарықтық кеңістік әкімшілік жүйе қалдықтарымен тиелген жерлерде мемлекет нарықты дамытуға және осы кеңістікті тазартуға араласуы тиіс». Бәсекеге қабілеттілікті арттыру мәселесі Қазақстан үшін аса маңызды басымдықтардың бірі. Бәсеке қабілетті елдердің қатарында болу мемлекет экономикасының барлық саладағы өркендеуін білдіреді. Сонымен қоса қазіргі таңда бәсекеқабілеттілік мемлекеттің басқа мемлекеттермен салыстырғанда тауарларды қаншалықты өндіретінін, сататынын, сонымен қатар экономикалық әлеуетін арттыру мақсатында өзінің экспорттық мүмкіндіктерін қаншалықты қолдана алтынының көрсеткіші болып табылады. Шағын және орта бизнес бәсекеге қабілеттілігінің факторларын талдаған кезде бірінші ретте М. Портердың бәсекеқабілеттілік даму стадиясын қарастырған жөн. М. Портер мемлекет және аймақтар бәсекеқабілеттігі мәселесінде әлемдегі ең танымал зерттеуші болып табылады. Өз концепциясында ол А. Маршал жасап кеткен неоклассикалық экономикалық теорияны кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызмет теориясымен қиыстыруда талпыныс жасаған. Мемлекеттер деңгейіндегі бәсеке қабілеттілікті зерттеуге дейін Портер жеке ұйымдар деңгейіндегі бәсекелестік мәселесімен айналысқан. Зерттеуден жиналған материалдардан Портер келесі логикалық тізбе құрды: егер бісекеге қабілетті кәсіпорындар бар болса, онда олар мемлекеттің бәсекеге қабілетті салаларын қалыптастырады, олар өз кезегінде әлемдік нарықтарды мемлекеттің жалпы бәсекеге қабілеттілігін сақтап отырады. Сондықтан, мемлекеттің бәсеке қабілеттігінің критерийі ретінде мемлекеттің әрбір тауардың әлемдік экспортындағы үлесі алынған болатын. Осылайша, Портер жалпы экономикаға емес, нақты бір экономика салалары мен салашықтарына көңіл бөлді.



1-сурет. **М. Портердің бәсекеге қабілеттілік артықшылықтары ромбы немесе бәсекеге қабілеттілік «Алмазы»**

Оның теорияларының басты қағидаттары болып келесі ұстанымдар табылады: «Ұлттық өркендеу мұра ретінде келмейді – ол құрылады» [1. Б. 162, 168] және «ұлттық деңгейдегі бірден-бір оңтайлы концепция – бұл еңбек өнімділігі». Осылайша, Портер мемлекеттегі жоғары еңбек өнімділігін жоғары бәсекеқабілеттілікке теңеді. Еңбек өнімділігі деңгейін әрдайым жоғарылату үшін ұдайы инновациялар жасау және оларды өндіріске ендіру процесі жүріп тұру керек. Жоғары инновациялық потенциал – бұл мемлекет азаматтарының әл-ауқатын жақсартуда маңызды негізі болып табылады. Ғылыми ашылым тек өндіріске еңгізілген кезде ғана мемлекеттің бәсеке қабілеттігін жоғарылатады. Портердың зерттеулерінің басты нәтижесі болып 4 детерминантадан тұратын бәсекелес артықшылықтары ромбын ойлап шығару болды. Олар әлемдік шаруашылықта мемлекеттің бәсекегеқабілеттілігін анықтайды. (1-сурет) [2. Б. 77, 90].

1-ші детерминант – өндіріс факторларына жағдай. Портер еңбек, жер, табиғи ресурстар, капитал және кейіннен бұл тізімге қосылған инфрақұрылым тауар айналымын анықтайды, мемлекет өндіріс кезінде шығынды факторларды максималды түрде қолданылатын тауарларды экспорттайды деп тұжырымдайтын классикалық экономикалық теория жорамалдарын кері шығарады.

Өндіріс факторларының жетіспеушілігі кейбір мемлекеттердің дамуын тек ынталандырып отырады. Мысалы, Швейцариядағы пайдалы қазбалардың жетіспеушілігі немесе толық болмауы швейцарлық кәсіпорындарды олардың қызмет етуінің басынан-ақ табиғи ресурстарға ұқыпты қарап, энергосақтаушы технологияларды қолдануға мүдделі етеді.

2-ші детерминант – сұраныс жағдайы. Мемлекет бәсекелес артықшылықтарды ішкі сұраныс кәсіпорындарға тұтынушылардың қажеттілігі туындауы туралы анық және ертерек түсінік қалыптасқан және талғампаз тұтынушылар кәсіпорындарға қысым көрсететін салаларда бәсекелес артықшылықтарға ие болады. Бұл оларды инновацияларды тез ендіруді, соның негізінде шетел кәсіпорындарына қарағанда талғамға сай бәсекелес артықшылықтар алуға мүдделі етеді.

Мысалы, Жапон ТҰК-тарының фотоаппарат, видеокамера (ендігі кезеңде цифрлы құрылғылар), үнемді жеңіл автомобильдер, факстың және көшірме аппаратуралар өндірісіндегі алдыңғы позицияларға ие болуы бұл тауарларға деген ішкі сұраныс әлемдік сұраныстан ілгері жүргенін және Жапон кәсіпорындары әлемдік нарыққа шығарда өзінің шетел бәсекелестерінің алдында салыстыруға келмейтін бәсекелес артықшылықтарға ие болғанымен түсіндіріледі. Тағы бір мысал – американдықтардағы әрдайым уақыт жетіспеушілігі мемлекетте тез тамақтану жүйесін дамытуға мықты импульс берді. Тез тамақтану әлемдік нарығында американдық кәсіпорындар әлемдегі алдыңғы қатардағы кәсіпорындардың бірі болды.

3-ші детерминант – туыстас және сүйемелдеуші салалар. Зерттеулер кезінде келесі тұжырым анықталды: бәсекелес салалар өздігінен дамыған жоқ, ал керісінше бір топ туыстас салалармен әрекет ету нәтижесінде дамыды, соның негізінде инновацияларды жасау мен еңгізу процесін жеделдеткен кәсіби орта арасындағы қатынас дамыды.Осылайша, Италиядағы зергерлік бұйымдардың өндірісі зергерлік тастарды қырлауға арналған машиналар өндірісімен қатар дамып келеді. Әр түрлі жануарлардың терісінен жасалған аяқ киім өңделуі Италияда орта ғасырларда дамыған болатын, ал қазір аяқ киімді шығару және теріні өңдейтін машина өндірісі Италияның әлемдік экономикадағы мамандануының бір бағыты болып табылады. Бұдан басқа, сабақтас бағыт – дизайнерлік қызмет дамып келеді.

4-ші детерминант – тұрақты стратегия, құрылым және бәсекелестік. Бұл жерде Портер кәсіпорындарды басқаруда бір жүйеде шырғаланбай әр түрлі жүйелермен комбинация жасау керектігін айтады. Әрбір кәсіпорын үшін инновациялар жасауға негізделген дамудың нақты концепциясы және мемлекетте тарихи түрде қалыптасқан құндылықтарға негізделген басқарудың икемді жүйесі жасалуы тиіс. Мысалы, атақты Силикон алқабында қызметкерлерді басқарудың икемді жүйесі, ал ГФР химия өнеркәсібінде – басқарудың қатаң вертикалды-біріктірілген жүйесі басым болып табылады.

Және, соңында, Портер бәсекеқабілеттілікті арттыруда кәсіпорындардың бірлесуі мен бірігуінне қарсы шығады. Оның пайымдауынша, бірігу кезінде саладағы ішкі бәсекелестік жоғалып кетеді және кәсіпорындар инновация жасауды тоқтатады. Бір жағынан күш-жігердің қайталануы кәсіпорындарға мысалы, өндіріс ауқымын үнемдеуге кері әсер етеді деп ойлауға болады. Алайда,

екінші жағынан бәсекелестікті жоғалту кәсіпорынның менеджментіне қажет жаңашыл бір нәрсе ойлап шығару қажеттілігін жоққа шығарады, нәтижесінде кәсіпорындар өз орнын шетел бәсекелестеріне береді [3].

Сонымен Портер бойынша бәсекеқабілеттіліктің даму стадиясы келесідей болып табылады:

• Өндіріс факторлары негізіндегі бәсекелестік (бағаны төмендету):

Пайда болу әдісіне қарай факторлар негізгі (табиғи ресурстар немесе жағдайлар, біліктілігі жоқ жұмыс күші және т.б.) және жетілген (заманауи инфрақұрылым, жоғары білікті қызметкерлер және зерттеу орталықтары).

Қолдану дәрежесі бойынша әр түрлі салалармен жалпылама факторлар (автомобиль жолдар желісі, байланыс жүйесі, жоғары біліктілігі бар қызметкерлер) және мамандандырылған факторлар – кәсіби инфрақұрылым, жеке салалардағы ғылыми біліктілік және бір немесе бірнеше салаларда қолданылатын өзге де факторлар.

• Инвестициялар негізіндегі бәсекелестік:

Ұлттық фирмалардың агрресивті инвестициялау мүмкіншілігі мен дайындығына негізделеді.

Инвестициялардың өсуі факторлардың жетілуіне алып келеді.

• Жаңашылдықтар негізіндегі бәсекелестік:

Ұлттық кәсіпорындардың өзіндік технологияларын жасау мүмкіншілігі мен дайындығына негізделеді.

Бағалық бәсеке сақталып отырады, алайда ол енді факторлардың төмен құнына негізделмейді, ал еңбектің жоғары өнімділігіне негізделеді [4].

• Байлықтар негізіндегі бәсекелестік:

Экономиканың қозғаушы күші болып қол жеткізілген молшылық табылады. Байлардың сұранысы артықшылықтар ұстап қалатын ерекше салалар қалыптастырады. Кәсіпорындар агрессия стратегиясын әлеуметтік әлем ізденісі стратегиясына алмастырады. Бәсекелестік серіктестікке жол береді.

«Бизнес тиімділігі» факторы «Өнімділік және нәтижелілік», «Еңбек нарығы», «Қаржы», «Менеджмент тәжірибесі» және «Қатынастар мен құндылықтар» секілді 5 субфакторынан тұрады.

Аталған субфакторлар өз кезегінде келесідей көрсеткіштерден құралады:

• *Өнімділік және нәтижелілік субфакторы:*

– жалпы өнімділік, бір жұмыс істейтін адамға ЖІӨ, АҚШ долл.;

– еңбек өнімділігі, нақты ЖІӨ-нің бір жұмыс істейтін адамға %-қ өзгерісі;

– ауыл шаруашылығындағы өнімділік, ауыл шаруашылығындағы бір жұмыс істейтін адамға ЖІӨ, АҚШ долл.;

– өнеркәсіптегі өнімділік, өнеркәсіпте бір жұмыс істейтін адамға ЖІӨ, АҚШ долл.;

– қызметтер саласындағы өнімділік, қызмет ету саласында бір жұмыс істейтін адамға ЖІӨ, АҚШ долл.;

– кіші және орта кәсіпорындар (сауалнама), халықаралық стандарттар бойынша тиімді;

– кәсіпорын өнімділігі (сауалнама), жаһандық стратегияларды жүзеге асырумен қолдау табады (шикізатпен жабдықтау, оффшорлар, аутсорсинг).

• *Еңбек нарығы субфакторы:*

Шығындарбойынша:

– компенсация деңгейі, өндіріс секторындағы жұмысшыларға жалпы сағаттық төлемақы, АҚШ долл.;

– өндіріс секторындағы еңбек бірлігі құны, % өзгеріс;

– қызмет секторындағы компенсация, бонустарды қоскандағы жалпы жылдық табыс, АҚШ долл.

Қ*арым-қатынас бойынша:*

– сыйақы айырмашылығы, бас директор және жеке ассистент сыйақысының айырмашылығы;

– жұмыс уақыты, бір жылдағы жұмыс сағатының орта саны;

– еңбек қатынастары (сауалнама), өнімді болып табылады;

– жұмыскерлерді мотивациялау (сауалнама), кәсіпорындағы жұмыскерлерді мотивациялау жоғары болып табылады;

– өндірістік даула, 1000 адамға шаққандағы жоғалған жұмыс күні саны;

– қызметкерлерді оқыту (сауалнама), кәсіпорындарда басымды болып табылады.

Білікті жұмыс күшінің болуы бойынша:

– жұмыс күші, есепке қойылған жұмыссыздар және жұмысбастылар саны, млн адам;

– жартылай жұмыспен қамту, жалпы жұмыспен қамтудан %;

– шетел жұмыс күші, жалпы жұмыспен қамтудан %;

– білікті жұмыс күші (сауалнама), қолжетімді болып табылады;

– таланттарды тарту және ұстап қалу (сауалнама), кәсіпорындарда басымды болып табылады;

– ғұламалардың жылыстауы (сауалнама), экономиканың дамуына кедергі келтірмейді.

• *Қаржы субфакторы:*

Банктер тиімділігі бойынша:

– банктік сектор активтері, ЖІӨ-дегі %;

– айналымдағы қаржылық карталар, жан басына шаққандағы карталар саны;

– қаржы карталарымен операциялар, адам басына шаққандағы АҚШ долл.;

– инвестициялық тәуекелдер, мемлекеттің несие қабілеттілігі;

– банктік және қаржылық қызметтер (сауалнама), бизнес дамуын ынталандырады;

– қаржылық және банктік басқару (сауалнама), бизнес дамуын тежемейді.

• *Қор нарығының тиімділігі:*

– қор нарығы (сауалнама), олардың кәсіпоырндарға деген көмегі адекватты болып табылады;

– қор нарығының капитализациясы, млрд АҚШ долл.;

– қор нарықтарында саудаға түсетін акциялар құны, адам басына шаққандағы АҚШ долл.;

– қор нарығы индексі, ұлттық валютадағы % өзгерісі;

– акционерлер құқығы (сауалнама), қорғалған болып табылады;

– қаржылық институттар қызметі (сауалнама), айқын болып табылады.

• *Қаржылық менеджмент:*

– банктік несиелер (сауалнама), кәсіпорын үшін тиімді болып табылады;

– венчурлық капитал (сауалнама), бизнес үшін тиімді болып табылады;

– корпоративті қарыз (сауалнама), кәсіпорынның бәсекегеқабілеттілігін тежемейді [5].

• *Менеджмент тәжірибесі:*

– кәсіпорындардың бейімділігі (сауалнама), нарықтың өзгеруіне жоғары болып табылады;

– кәсіпорындардағы этикалық тәжірибе (сауалнама), қолданылады;

– қоғамдағы менеджерлерге сенім (сауалнама), күшті болып табылады;

– директорлар кеңесі (сауалнама), кәсіпорындарда басқаруды тиімді бақылайды;

– бухгалтерлік есеп және аудит (сауалнама), кәсіпорындарда адекватты қолданылады;

– акционерлер акциясы (сауалнама), менеджерлермен тиімді басқарылады;

– тұтынушыны қанағаттандыру (сауалнама), кәсіпорындарда акценттеледі;

– кәсіпкерлік (сауалнама), менеджерлердің талаптанушылығы бизнесте жалпы таралған.

• *Қатынастар мен құндылықтар:*

– жаһануға қарым-қатынас (сауалнама), қоғамда позитивті болып табылады;

– шетелдегі имидж (сауалнама), бизнес дамуын қолдайды;

– ұлттық мәдениет (сауалнама), шетел идеяларына уйренуге ашық болып табылады;

– икемділік (сауалнама), адамдардың жаңа сұраныстар алдындағы икемділігі жоғары болып табылады;

– құнылықтар жүйесі (сауалнама), бәсекегеқабілеттілікті қолдайды.

Аталған есептің нәтижелері бойынша Қазақстанда мемлекеттік несиелік тізілім жоқ, ол қарыз алушылардың (жеке және заңды тұлғаларды) несие қабілеттілігі туралы деректерін жинақтау және оны қаржы ұйымдарына беру мақсатында мемлекеттік органмен әдетте орталық банкпен жүргізіледі. Мұндай деректер базасының болмауы несиелік ақпаратпен айырбастауды кідіртеді және қарыз алушылардың да және несие берушілердің де құқықтарын кемітеді. Әлемдік – қалай

дамыған солай дамушы елдердің де тәжірибесі бойынша қарыз алушының адалдығы туралы орталықтанған ақпарат жүйесінсіз өркениетті несиелік нарығын құруға болмайды.

Жоғарыда аталған әр түрлі әдістемемен бағаланған бизнес бәсекегеқабілеттілігін анықтайтын рейтингілердегі факторлар мен көрсеткіштердің Қазақстан Республикасындағы ағымдағы жайкүйге сәйкестігі диссертациялық жұмыстың негізгі бөлімінде талқыланатын болады.

Әдебиеттер

1. Нысанбаев С.Н. Коммерциялық кәсіпкерлік негіздері: Оқулық/ С.Н. Нысанбаев, Ж.Т. Қожамқұлова. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 248 б.

2. Исабеков Б. Кәсіпкерлікті өркендетудің индустриалды-инновациялық негіздері: Оқу құралы / Қ.А. Яссауи ХҚТУ. – Түркістан, 2008. – 336 б.

3. Елшібаев Р.Қ. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру. – Алматы, 2009. – 212 б.

4. Исабек Б. Түркістани. Қазақстан Республикасында кәсіпкеріктің инновациялық түрлерін жетілдірудің нарықтық механизмдері: Оқу құралы. – Түркістан. Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ Тұран баспасы, 2009.

5. «Жеке кәсіпкерлік» туралы 2006 ж. 31 қаңтардағы №124 Қазақстан Республикасының Заңы // Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, 2006.

ӘОЖ 339.5

Д.А. Жангазиева
Ғылыми жетекшісі: ***А.Х. Галиева,*** *э.ғ.д.*
ҚазЭҚХСУ

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бәсекеге қабілеттілік проблемасына қатысты шетел авторларының іргерлі еңбектерінің санатында Гарвард университетінің профессоры М. Портердің 1993 ж. «Халықаралық бәсекелестік (Международная конкуренция)» атымен орыс тілінде жарық көрген «Елдердің бәсекелік басымдылығы» атты зерттеуін ерекше атауға болады. Мұнда автор жаһандық көлемдегі елдердің бәсекелік басымдығының эволюциясын, халықаралық қарсыластықтағы елдердің бәсекелік басымдықтарының детерминанттары мен динамикасынан тұратын елдердің бәсекелік басымдығының жаңа теориясын (кеңейтілген тұжырымдамасын) жасайды.

М. Портердің өткен ғасырдың 80-жылдары жазылған жұмыстары «стратегиялық менеджмент» атты зерттеу пәнінің даму бағдарын анықтап берді. «Бес бәсекелес күш» (Porters five forces), «құнды түзу тізбегі» (Value Chain) және «Портер ромбы» (Porters Daimond) атты портерлік үлгілер ұлттық бәсекеге қабілеттілік тұжырымдамасының негізіне алынды. Сонымен бірге аталған үлгілерде көрініс тапқан М. Портердің идеялары өздерінің танымалдылығы мен әсерінің күштілігімен қатар сынға да жиі ілігеді.

М. Портердің идеялары Интернет-коммерцияның қарқынды дамуымен байланысты сынға алына бастады. Сыншылдар М. Портердің еңбектері жарияланған кезеңнен бері де бірталай экономикалық өзгерістер болғанын дұрыс атап кетеді. Жаһандық ақпараттану мен коммерция үшін алаңға айналған Интернет рөлінің артуы іскери әрекеттің барлық салаларына елеулі әсерін тигізді.

Л. Доунстың пікірінше, портерлік модельдер бүгінгі күні өміршендігінен айырылып отыр. Л. Доунс жаңа стратегиялық құрылым мен мүлдем басқа бірқатар сараптамалық және бизнес-құралдық әзірлемелерді талап ететін сандық арту (digitalization), жаһандану (globolization) және бейреттемелену (deregulation) түріндегі үш жаңа күшті сәйкесімділігін ажыратып отыр [1].

Сандық арту ақпараттық технологиялар әсерінің күшеюіне қарай нарықтың барлық ойыншылары да айтарлықтай үлкен көлемдегі ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін иелене алады. Осылайша салаға кірмейтін немесе оның аутсайдерлері болып табылатын ойыншылардың өздері де нарықтағы бәсекелестіктің принциптері мен деңгейіне түбегейлі әсер ету жаідайын иеленген мүлдем. Жаңа бизнес үлгілері пайда болады. Л. Доунс мысал ретінде, мәселен, телекоммуникациялық операторлар немесе несиелік ұйымдар басқаруындағы электронды сауда орталықтарының өсіп келе жатқан рөлін келтіреді.

Жаһандану. Логистика мен коммуникацияның жетілдіріле түсуі нарықтың барлық ойыншыларына дерлік сауда жасау, сату және жаһандық деңгейде ынтымақтасуға мүмкіндік береді. Мұның нәтижесінде орта өлшемдегі, жергілікті нарық көлеміне бағдарланған өз бетінше импорт немесе экспортпен айналыспайтын компаниялардың өздері де жаһандық нарыққа еніп кетеді. Жаһандық және желілік нарықтар ұйымдастыру стратегиясына жаңа талаптар қояды деуге болады.

Бейүкіметтену (дерегуляция). Соңғы он жылда АҚШ пен еуропалық елдерде авияция, байланыс, коммуналды шаруашылық пен банк саласында мемлекеттің араласуының күрт қысқарылуы байқалды. Ақпараттық технологиялар аясындағы жаңа мүмкіндіктерді пайдалану арқылы аталмыш салалардың компаниялары, бір жағынан қайта құрылып, өз дамуы үшін тиімді балама бағыт таңдауға жағдайы да келді, әрі оған мәжбүр де болды.

Қазақстан Республикасының инновацияларының жоғары деңгейі мен тиімді инновациялық саясатты қалыптастыру үшін осы саладағы ілгерінді елдердің тәжірибесі маңызды.

Көптеген шетелдік мамандар соңғы кездерде әр түрлі болжамдарды әзірлеуде, ғылыми-техникалық бағдарламаларды қалыптастыруда, оларды қаржыландыру мен ұйымдастырушылық қамсыздандыруда, олардың негізінде инновациялық дамытудың мемлекеттік басымдықтарын даярлауда мемлекет рөлінің күшеюін атап көрсетеді.

Мемлекет рөлінің осылай күшеюі көптеген елдердің арнайы басқарушылық құрылымдарын құруда айқын көрінеді. Германияда – бұл Технологияларды бағалау бойынша комиссия, Францияда – Ғылым және техника саласындағы таңдау мәселелерінің парламенттік басқармасы, АҚШта – Технологияларды бағалау мәселелерінің басқармасы. Еуропарламент Басымдықтарды бағалау және ғылым мен техника саласындағы таңдау мәселелері бойынша Еуропалық парламенттік басқарманы құру туралы резолюция қабылдады.

Ұзақ мерзімді ғылыми-техникалық болжамдауға өскен қызығушылық және мемлекеттік инновациялық саясаттың стратегиялық бағыттарындағы басымдықтарды анықтау сәйкес бағдарламаларды әзірлеуге себепші болды. Осылайша, Финляндияның Ғылым саясаты жөніндегі кеңесі 80-інші жылдардан бастап ҒЗТКӘ-дің біршама кеңейтілуі туралы хабарлады, Нидерландының Білім және ғылым министрлігі ҒЗТКӘ жүргізудің алдын ала жоспарын құрды, Исландияның Ұлттық ғылыми-зерттеушілік кеңесі 90-шы жылдардың соңына дейін университеттік құрылымдармен үйлестіре қолданбалы зерттеулер жоспарын әзірледі. Швецияда, 1982 ж. қабылданған, зерттеулер саласындағы саясат туралы заңы ҒЗТКӘ облысында жоспарларды құру және оларды парламентте қарастыруды қамтиды. Ирландияның Ғылым мен техника жөніндегі ұлттық кеңесі бесжылдық жоспар әзірледі, бұл жоспарда экономикалық және ғылыми саясаттың жақындау қажеттілігі ескеріледі [2].

Енді дамыған елдердің тәжірибесіне жеке-жеке тоқталып өтсек. Англияда соңғы жылдары ағылшын өнеркәсіп кәсіпорындарының АҚШ, Франция, Германия компанияларының өндіріс тиімділігі деңгейінен артта қалуын белгілеген үкіметтік емес ұйымдар, ғалымдар мен мамандар тарапынан үкіметтік саясаттың күшеюі ықпалымен бұл айырмашылықты өткеру бойынша қызмет белсендендірілді.

Елдегі, әсіресе білікті еңбектің қолданылуын талап ететін күрделі ғылыми өнімдерді шығаратын компаниялардағы жұмыс күшінің деңгейін сапалы арттыру қажеттілігі туралы түсінік қалыптасты. Англияның саяси тобы өнеркәсіптік шоғырлану компанияларынан барынша жоғары құнды, сапалы және сенімді қызметтер көрсетіп, тауарлар шығару қажеттілігіне назар аударуын талап ете бастады. Мемлекеттік органдар өндіріс тиімділігінің артуы мен жұмыс күші құрамының сапалы жақсаруының жаңа кезеңінің басталуы туралы хабарламалармен шыға бастады. Англия өнер-

кәсібінің экс-министрі лорд Сайнсбери инновациялық қызметті жандандыру үшін жұмыс істейтін өнеркәсіп компанияларын оқыту қажеттілігі туындағандығын атап өтті. «Ғылым мен технологияның дамуында жеткен елеулі жетістіктер білім, шығармашылық қызмет пен қабілеттердің деңгейінде бәсекелесу үшін алынған елеулі нәтижелерді пайдалану мүмкіндігінің пайда болуын білдіреді». Ол «инновациялық қызмет саласында барынша жетілдірілудің негізгі көзі қызметкерлерді қабілеттерінің деңгейін арттыруға, әсіресе ақпарат пен телекоммуникация технологияларының жаңа озық саласында көтермелеу болып табылатындығын» атап өтті [3].

Аталған мамандар Швеция мен Финляндияның тәжірибесіне сүйенеді, онда өнеркәсіп компаниялары жұмыс күштерін пайдалануда жоғары тиімді саясатты іске қосқан. Мақсатты топтар құруға негізделген еңбекті ұйымдастырудың жаңа нысандары мен ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға көптеген назар аударылады. Сонымен қатар жұмыс тиімділігіне де көп назар аударылады. Еңбек сапасын арттыру және инновациялық қызметті жандандыру өндіріс тиімділігін арттырудың маңызды жағдайлары болып есептеледі. Елеулі назар осы үдерістің белсенді қатысушылары болып табылуы тиіс, жұмысшылар қызметінің ынталандырылуына беріледі.

Лондондық экономика мектебі мен Саяси зерттеулер институты өткізген жұмыстарға сәйкес, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды белсенді қолдану үшін білімді арттыру және еңбекті ұйымдастыру саласында инновациялық қызметті жандандыру үлкен мәнге ие. Осы ұйымдардың зерттеуі өнеркәсіп компанияларының өспелі саны ақпараттық технологияларды өте кеңінен қолдану кезеңіне енгізілетіндігін көрсетеді, бұл барынша икемді еңбек құруға мүмкіндік береді. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану жұмыс жасау барысындаептілікті елеулі арттырады. Осыған байланысты оны пайдаланушылар шешілетін тапсырмалар тобын көбейтуге мүмкіндік беретін көптеген білім алады.

Шеффилд университеті жанындағы Инновациялар және жұмысты өзгерту орталығы келтірген зерттеулер, қызметкерлердің өз еңбегінің сапалы жақсарудағы қызығушылығына жету үшін Англия әлі көптеген жұмыстарды атқару қажеттігін дәлелдейді. Басқару жұмыстарын менеджерлер қолында толығымен сақтаудың орнына, жұмысты орындайтын жекелеген мамандар немесе мақсатты топтарға жұмысты ұйымдастыру және басқару жауапкершілігін арту мақсатқа лайықты болып табылады. Шағын және орта өнеркәсіп компанияларының елде келтірген зерттеулері, өз еңбегінің ұйымдастырылуын жетілдіруде олардың өзіне қатысу мүмкіндігін беру барысында олардың еңбегінің сапасын арттыру мақсатында қызметкерлердің ынтасы үшін жағдай жасаудың ұтымдылығы туралы дәлелдейді.

Экономикалық және әлеуметтік зерттеулер жөніндегі кеңес директоры, профессор П. Нолан біліктілігі төмен қызметкерлерді қолдануға бағытталған бұрынғы саясат, сонымен қатар төмендетілген бағамен өнімдер дайындау мен қызметтер көрсету расымен сақталады. «Қажетті өндірістік білімдерді меңгерген белсенді технологиялық жұмыс күшін құру жолында көптеген кедергілер сақталуын жалғастыруда» [4].

Инновациялық даму деңгейі бойынша өнеркәсіптік дамыған елдер арасында бірінші орынды АҚШ алады. АҚШ-тың инновациялық саясатының қалыптасуының үш принципін атауға болады:

1) іргелі зерттеулерді мемлекеттік қолдау және сол мезетте қолданбалы зерттеулерге шығындардың үлкен бөлігін жеке секторға ауыстыру. Әкімшілік мемлекет үшін үлкен мәнге ие ұзақ мерзімді қолданбалы ҒЗТКӘ-ді ғана қолдайды;

2) ғылым және техника саласында басымдықтарды анықтау, бұл негізінен. Әкімшіліктік-бюджеттік басқармаға жүктелген;

3) экономикалық өсім жоспарына сәйкес өнеркәсіпті қайта ұйымдастыруды ынталандыру, шындығында, жеке сектор жағынан ҒЗТКӘ-ді жанама қаржыландыру болып табылады (әсіресе, перспективті жұмыстар, жаңашылдықтарды енгізуді жеделдету).

АҚШ кәсіпорындарында жеткен жоғары бәсекеге қабілеттілікке қарамастан, елде елеулі қаржылық қиындықтар пайда болуда. 2008 ж. бюджеттің қаржылық дефициті ЖӨӨ-нің 5,8%-ын құрады. Батыс еуропа елдері мемлекеттік бюджет дефицитінің қысқаруы бойынша күштерін қолдануға талаптануда және үкіметтік ұйымдардың реформалану әрекетін жасауда. Мемлекеттік реттеу жүйесінің күрделілігі өндірістің өсу қарқынын тоқтатуда. Жнеркәсіптік кәсіпорындар арасында

бәсекеге қабілеттілік деңгейі бойынша 5-орын алатын Германия, 7-орын алатын Англия, 8-орын алатын – Франция, 9-орындағы Испания – бұлардың барлығы да қоғамдық пайдалану кәсіпорындарының дамуындағы шектеулермен, әлеуметтік салада пайда болатын кемшіліктермен байланысты қиындықтарды байқайды. Мұның барлығы олардың бәсекелестігінің әлеуетті өсу мүмкіндіктерін қалыптастырады.

АҚШ-та кластерлер аса танымал, себебі американдық ғалымдар экономиканы кластерлеудің принциптерін алғаш болып зерттей бастады, ал М. Портер кластерлік үлгі ойын ұсынды. Аризона, Калифорния, Коннектикут, Флорида, Миннесота, Солтүстік Каролина, Огайо, Орегон, Вашингтон штаттары сәйкес бағдарламаларды қабылдап, жүздеген қалалар мен аймақтар өз кластерлік стратегияларын әзірледі. Кластерлерді құру штаттардың арнайы комиссияларымен жүзеге асады, олар ғылыми орталықтармен және университеттермен жүргізілетінталдамалық жұмысқа сүйенеді. Комиссия кластерлердің қатысушылар үлесін үлестіреді, кедергілердіден өтуге көмек береді, кластерлерді нығайтуға барынша қолдау көрсетеді. Алғашқы капитал штатпен бөлініп, сосын жеке компаниялардың қаражаты тартылады. Американдық кластерлерге тән сипат олар жаһандық бәсекелестікке қатысады. Инновациялық әдістер басымды болып табылады.

АҚШ-тың өнеркәсіптік компанияларында өндірістің тиімділігін арттыру үшін жағдайлар жасауда мемлекеттің белсенді түрде қатысуы шығаратын өнімнің бәсекеге қабілеттілік деңгейі бойынша басқа дамыған елдерден ерекшелігінің артуына мүмкіндік береді. Сол уақытта АҚШ-тан артта қалып келе жатқан ел үкіметі бұл үзікті қысқарту үшін белсенді әрекеттер қабылдайды. Қолданылатын маңызды құрал инновациялық қызметті белсенді дамытуға арналған өнеркәсіп компанияларын ынталандыру болып табылады. Басқа мемлекет үкіметтерінің қабылдайтын әрекеттерін ескере отырып, АҚШ үкіметі жетекші ғылыми-зерттеу бағыттары бойынша жұмыс қаржыларын көбейте отырып, университеттерге, мемлекеттік зертханаларға, техникалық институттарға қысымды күшейтеді. Мұндай бақталастық АҚШ және әлемнің басқа да жетекші елдерінің техникалық даму өндірісінің қарқынын күшейтеді. Пайда болатын үйлеспеушілік өндірістік мүмкіндіктерде олардың арасында бір өседі, бір қысқарады [5].

Жапонияда мемлекеттік саясатты қалыптастырудың негізі өзгеше стратегиялық және тактикалық принциптерге сүйенеді. Жапондық мамандар есептеуі бойынша, ел экономикасының ғылыми-техникалық дамуын кезең-кезеңмен жеделдету екі бағытты қарастырады: біріншіден, лицензияларды сатып алу негізінде шетел тәжірибесін игеру, екіншіден, өзіндік зерттеулер мен әзірлемелерді дамыту. Бірінші жағдайда алға қарай тез ұмтылып, қысқа уақыт ішінде елеулі нәтижелер алуға болады. Екіншісінде – күрделі қиыншылықтар кездеседі, себебі иниациативті ғылыми-техникалық әзірлемелер тәуекелмен және сәтсіздіктермен байланысты. Жапондық тәжірибедегі елеулі мәселенің бірі жапондық ғылыми парктердің жеткілікті дамымаған зерттеу базасы болып табылады. Жергілікті зерттеу мекемелерінің әлсіздігін ескере отырып, өнеркәсіп министрлігі білім министрілігінен университеттік жүйені американдық типке сәйкес реформалауды талап етуде. Жапондық сарапшылар соңғы ведомство кооперациялық зерттеулер орталығы негізінде өз зерттеу паркетерін ашу жолын таңдауы мүмкін деп болжайды. Алайда бұл бастаманың сәттілігіне күмән келтіріледі, себебі университеттердің қажет коммерциялық тәжірибесі жоқтығы және өнеркәсіппен қалыптасқан байланыстары жоқтығы атап өтіледі

Өндірістің өсу қарқынын оны сапалы жетілдіру есебінен көтеруге болады. Осының негізінде 2015 ж. таяу оны екі есеге көбейтуге болады. Бірақ ол үшін өңдеу өнеркәсібінің барлық салалары бойынша өндірістің сапалы өсуін қарастыратын келешегі зор жоспар әзірлей алатын мемлекеттік орган қажет. Мұндай органның басшылығы әрбір салада өз экономистері, сала мамандары және ҚР Ұлттық ғылым академиясының жетекші ғалымдарынан уақытша шығармашылық топ құра алатын еді. Мұндай топ әр саланың өндірістік бірлестіктері мен кәсіпорындарда өндірісті техникалық жетілдіру бағытының шетелдік тәжірибелерін ескере отырып анықтай алатын еді. Мұндай жетілу негізінде өнеркәсіптің барлық салалары бойынша өңдеу өнеркәсібінің барлық салаларының техникалық қайта жарақтануының алдағы жоспарын құруға болар еді. Және бұл нарықтық қатынастан шығуды білдірмес еді. Біз жай ғана бұрын жинақталған тәжірибені пайдаланар едік. Мұндай жұмысты белгілі жүйе бойынша жүргізуге болады. Басты негізгі буын өз өнеркәсіптерінде, сосын

басқа сала өнеркәсібінің, соның ішінде жеңіл және тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындарында өндірістік үдерістерді автоматтандыру және механизациялау деңгейінің жоғарылауын қамтамасыз ететін станок жасау, машина жасау және аспаптық-құрылыстық өндірісті жетілдіру болуы керек.

Әрбір салалық жоспарда әр зауыт пен өндірістік бірлестіктер бойынша өндірісті, олардың құнын және олардың орындалу мерзімін жетілдіру бойынша алдағы жұмыстардың нақты көлемін анықталуы керек. Салалық жоспарларды бірыңғай халық шаруашылығы жоспарына енгізуге болады. Ол өнеркәсіптің әр түрлі салаларында техникалық қайта құруды жүзеге асыру тізбегін, сонымен қатар осы жұмыстарға қажетті қаржыландыру тізбегін ұсынуға мүмкіндік береді. Осыған қажетті қаржылай қаражаттар бөлігін әр кәсіпорын таба алады. Бірақ осымен қатар орталықтандырылған қаражат бөлуді қарастыру қажет. Оларды табиғи газ бен мұнай өнімдерін экспорттаудан түскен табыстардан біртіндеп бөліп алуға болады. Шикі мұнайды сатуды ұлттық табиғи байлықтың ұтымсыз шығыны ретінде қарастыруға болады және оны өңдеу саласына аудару және біртіндеп қысқарту стратегиясын қабылдау керек.

Бірақ жұмыс істейтін мемлекеттік органдар жүктелген тапсырмаларды орындаумен айналысып жатса, олардың кейбіреулері өндірістің жедел техникалық дамуы мен оның экономикалық тиімділігінің артуы жөніндегі халық шаруашылығы және салалық жоспарлар құру бойынша барлық қызметті басқаруды өзіне ала алар еді. Жоспарлаудың мұндай жүйесін кеңестік билік тұсындағы директивті жоспарлау жағдайында орын алғандай, өнім шығаруды жоспарлаумен теңдестіруге болмайды. Бұл жерде шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында өндірісті сапалы жетілдіру туралы айтылып тұр. Осы саладағы мемлекеттік органның белсенді қатысуы Қазақстан Республикасы Президентінің 2030 жылға дейінгі жолдауында айтылған біздің экономикамыздың дамуының басты бағытын тәжірибеде іске асыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. European Competitivness Report. – European Communities, 2004.

2. Хайек Ф.А. Индивидуализм и экономический порядок. – М., Изограф, 2000. – С. 102.

3. Чемберлин Э. Теория монополистической конкуренции: Реориентация теории стоимости. – М., Экономика, 2001.

4. Робинсон Дж. Экономическая теория несовершенной конкуренции. – М.: Прогресс, 2005. – С. 36-137.

5. Кенжегузин М.Б., Днишев Ф.М., Альжанова Ф.Г. Наука и инновации в рыночной экономике: мировой опыт и Казахстан. – А.: ИЭ МОН РК.

УДК-339.554

А.Н. Жапарбеков, *магистрант*

Научный руководитель: ***С.Б. Галимжанова,*** *к.э.н., доцент*

КазУЭФМТ

СОЦИАЛЬНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ БИЗНЕСА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев, выступая на республиканском Форуме по социальной ответственности бизнеса в 2008 г. в Жезказгане отметил следующее: «...Государство и бизнес должны стать полноценными партнерами в решении не только экономических, но и социальных вопросов». На форуме Н.А. Назарбаев учредил ежегодный конкурс по социальной ответственности бизнеса «Парыз», координирующим органом которого выступает Министерство здравоохранения и социального развития Республики Казахстан [1].

В стране уделяется огромное значение вопросам социальной активности бизнеса. Социальная ответственность бизнеса – важное условие создания в стране цивилизованных и справедливых социально-трудовых отношений. Годы, прошедшие со времени обретения независимости, убеждают нас в том, что в укреплении стабильности и общественном прогрессе консолидации усилий государства и бизнеса нет альтернативы. Нас объединяла и объединяет общая заинтересованность в высокоэффективной экономике и повышении благосостояния всех граждан страны.

Лидером Нации Республики Казахстан поставлена задача превратить нашу страну в одну из динамично развивающихся стран мира с высокими стандартами жизни, формирование социально ориентированного бизнеса является общенациональной целью. Развитие предпринимательства в таких условиях рассматривают «сквозь призму социальной ответственности, социальных преобразований в обществе и построения социального государства». Все понимают сегодня, что социальная ответственность бизнеса возможна при ряде условий (табл. 1).

Таблица 1 – **Условия социальной ответственности бизнеса***

№	Назначение
1.	Главное – это возможность бизнеса принимать самостоятельные решения
2.	Ответственность – это не обязаловка, это понимание последствий самостоятельно принятых решений, следствий и результатов как непосредственных, так и последующих, опосредованных
3.	Способность видеть цели и смысл развития бизнеса в контексте развития общества и желание принимать решения, способствующие развитию общества

**Разработана автором*

Социальная ответственность бизнеса – это решение оптимизации прибыли. Нынешняя успешность компании оценивается с точки зрения увеличения всех видов капитала: производственного, финансового, социального, человеческого. Время показывает, что наибольшей капитализации добиваются компании, которые вкладывают средства в экологию, в создание достойных условий труда, во внедрение новых принципов оплаты труда, в новые методы работы социальной сферы, охрану труда и технику безопасности.

Казахстанские национальные компании и крупные инвесторы создают сегодня новые рабочие места, выполняют свои социальные обязательства перед сотрудниками, занимаются благотворительностью, оказывают реальную поддержку социально незащищенным гражданам. Однако для того, чтобы бизнес действительно стал опорой социально-экономических преобразований, необходимо перейти к его системному участию в решении общенациональных задач. В стандартах социальной ответственности бизнеса, определенных в Глобальном договоре ООН, значительное внимание уделяется принципам корпоративной социальной ответственности в сфере трудовых отношений. Видится необходимым обратить внимание представителей бизнеса на две проблемы, связанные с расширением доступности достойного труда:

1. Профессиональная реабилитация социально уязвимых категорий населения. И дело здесь не только и не столько в соблюдении предусмотренной законодательством квоте трудоустройства или открытии социальных рабочих мест. Важнее совместные усилия по развитию трудового потенциала данных лиц, для того чтобы они могли стать работниками достаточно конкурентоспособными и востребованными.

2. Социальная поддержка семьи, обеспечение совместимости условий труда и семейной жизни. Как показывает практика, для этого наряду с законодательно установленными трудовыми нормами могут быть использованы: дополнительные отпуска по уходу за ребенком с сохранением рабочего места, гибкие графики работы для женщин-матерей, содействие решению жилищной проблемы для молодых семей, участие в финансировании дошкольных учреждений.

Правительство рассчитывает на поддержку организованного бизнеса и в вопросе неформальной занятости. Организации работодателей имеют прямые связи с этим сектором через заключение субподрядных договоров и других коммерческих соглашений, поскольку производственные системы глубоко проникли в структуру неформальной экономики. В этой связи они могли бы оказать влияние на формализацию трудовых отношений в этом секторе, содействовать уважению прав работников [1].

Наряду с участием в расширении доступности достойного труда его роль видится и в повышении ответственности работодателей в социальной поддержке населения и развитии сферы услуг. Социальная ответственность бизнеса здесь включает в себя несколько уровней (табл. 2).

Таблица 2 – **Уровни социальной ответственности бизнеса***

№	Уровни
Первый	Создание благоприятной среды на своих предприятиях. Любой работодатель заинтересован в воспроизводстве рабочей силы, формировании и сохранении стабильных и высококвалифицированных трудовых коллективов. Повышение оплаты труда на основе социальных переговоров, меры по повышению квалификации, т.н. социальные пакеты стали важной составляющей в работе ряда коммерч. фирм
Второй	Участие в финансировании и развитии системы социального обеспечения и системы социальной поддержки в целом. Мерой социальной ответственности бизнеса в этом отношении должно стать, в первую очередь, участие работодателей в развитии системы обязательного социального страхования и накопительной пенсионной системы. Решение многих вопросов социальной защиты населения мы связываем с привлечением бизнеса на рынок социальных услуг и поэтапной передачей существенной доли этой сферы в руки бизнеса

**Разработана автором*

Важна роль МЗиСР РК в партнерстве «государство-бизнес». Это можно сегодня наблюдать невооруженным глазом. К таковым можно отнести:

• координация;

• контроль за выполнением обязательств и условий меморандумов;

• способствование заключению коллективных договоров на примере акции «Заключите коллективный договор».

В настоящее время заключено более 33 тыс. коллективных договоров. Есть еще один хороший пример – конкурс по социальной ответственности бизнеса «Парыз».

Внедрены в практике индикаторы мониторинга и оценки деятельности организации по социальной ответственности бизнеса по видам экономической деятельности. Индикаторы касаются оплаты труда, охраны, безопасности труда и профессиональной подготовки, переподготовки, повышения квалификации. Величина индикатора будет зависеть от совокупного годового дохода.

Установлено соотношение между минимальным и максимальным уровнем заработной платы рабочего, выполняющего однозначные по сложности и условиям труда работы в рамках соответствующей должности и тарифного разряда. Предусмотрена квота приема на работу молодежи, а также выделение средств на профилактическое лечение работников.

В республике ратифицировано 17 конвенций МОТ. Ратифицированы основополагающие конвенции МОТ в области трудовых отношений, направленных на свободу ассоциаций и признание права на коллективный договор. Законодательно закреплены нормы по образованию объединений работодателей и работников на всех уровнях трехстороннего сотрудничества и на уровне организации. В основе всей системы социального партнерства лежат коллективные договора. Общественная значимость коллективных договоров состоит в том, что они выступают механизмами контроля государства за работодателями в случае возникновения коллективных трудовых споров.

Одним из важных моментов в партнерстве государства, бизнеса и трудящихся стало заключение отраслевых трехсторонних соглашений по определению повышающих отраслевых коэффициентов, которые направлены на реализацию Трудового кодекса РК. В настоящее время в горнометаллургической, машиностроительной, угольной, химической, нефтегазовой и строительной отраслях установлены поправочные коэффициенты по заработной плате от 1,1 до 2,2.

Внедрение международных стандартов трудовых отношений – требование, необходимое для вступления республики во Всемирную торговую организацию. На современном этапе социально-экономического развития это требование выступает наиболее эффективным способом совершенствования управления предприятием и реальным рычагом в управлении рисками в области охраны здоровья, безопасности труда и развития человеческих ресурсов.

В соответствии с международным стандартом SAI SA8000:2001 компания не должна использовать принудительный труд или поддерживать использование принудительного труда, а также не должна требовать от персонала внесения материального «залога» или передачи в компанию в качестве залога документов, удостоверяющих личность, как условия приема на работу. В Казахстане законодательно запрещены все формы принудительного и обязательного труда.

В Казахстане проводится работа по продвижению принципа №5 Глобального договора, где деловые круги должны поддерживать эффективную ликвидацию детского труда. Казахстаном ратифицированы две конвенции МОТ №138 «О минимальном возрасте для приема на работу» и №182 «О наихудших формах детского труда» и приняты обязательства по проведению государственной политики защиты детей и созданию благоприятных условий для формирования здорового, образованного, высоконравственного и духовно богатого поколения [3].

Решение проблем детей включается в число приоритетных национальных задач, от реализации которых зависит создание здорового, основанного на знаниях, конкурентоспособного общества, где каждый ребенок может вырасти и стать тем, кем он захочет. Государственная политика защиты детей осуществляется сегодня в рамках целей развития, сформулированных в Декларации тысячелетия, международных обязательств, связанных с ратификацией Казахстаном основополагающих конвенций МОТ и стратегическими программными документами страны.

Один из принципов Глобального договора, реализующегося в Казахстане, гласит: деловые круги должны поддерживать ликвидацию дискриминации при найме на работу и в профессиональной деятельности. В нашей стране законодательно запрещена дискриминация при найме на работу и в профессиональной деятельности.

Казахстанская модель корпоративной социальной ответственности означает, что деловые люди проводят ту же политику, те же решения, следуют тем направлениям деятельности, которые желательны с точки зрения целей и ценностей общества. Она учитывает не только нынешние потребности отдельных групп населения, а рассчитана в своей основе на перспективу и наибольший эффект в развитии.

Корпоративная социальная ответственность бизнеса – это форма социального партнерства, добровольная обязанность бизнесменов проводить такую политику, принимать такие решения и следовать таким направлениям деятельности, которые желательны с точки зрения целей и ценностей общества. В стране получила развитие практика заключения меморандумов и соглашений по социальной ответственности бизнеса.

Инвестиции предпринимателей стали влиять на социальное развитие регионов: возводятся новые школы, учреждения здравоохранения, реабилитационные центры, объекты культуры, спорта и социальной защиты, осуществляется поддержка малообеспеченных граждан. В республике активно действует институт социального партнерства. Ежегодно заключается национальное трехстороннее Генеральное соглашение, в которое включаются наиболее актуальные вопросы социально-трудовых отношений: создание новых рабочих мест, снижение уровня безработицы, совершенствование системы оплаты труда, охраны и безопасности труда. Действуют около двухсот региональных и 19 отраслевых соглашений. В настоящее время заключено более 31 тыс. коллективных договоров.

Наряду с профподготовкой активизируется и направление по созданию условий работы для

молодежи. В целях реализации молодежной политики министерством проводится работа по улучшению условий вхождения молодых людей в общество, в систему экономических взаимоотношений, защите прав и законных интересов молодежи.

Для преодоления дефицита высококвалифицированных кадров по определенным специальностям необходимо широко развивать подготовку соответствующих специалистов через систему социального партнерства. К примеру, в июле текущего года заключен меморандум между Министерством труда и социальной защиты населения, Евразийским национальным университетом им. Л. Гумилева, Национальной экономической палатой «Союз «Атамекен», ОЮЛ «Зерновой союз Казахстана» и компанией «GSM-Казахстан» по предоставлению грантов на обучение для 60 детей из малообеспеченных и многодетных семей и детей-сирот.

В АО «Евроазиатская энергетическая корпорация» три года действует целевая программа по обучению детей работников необходимым для предприятия профессиям в высших учебных учреждениях Казахстана и России с последующим трудоустройством. С 2005 г. в Павлодарской области реализуется программа «Молодежная практика», в рамках которой на рабочих местах предприятий создаются условия по стажировке безработных выпускников учебных заведений профессионального образования по полученным специальностям.

Практически все перечисленные мною вопросы могут решаться и решаются на основе коллективных договоров, которые являются рычагом, направленным на решение социальных проблем, а главное, инструментом для установления доверительных, партнерских связей между работодателями и работниками.

Таким образом, можно было бы считать, что социально-ответственный бизнес показал свою состоятельность, а в условиях глобализации – появились новые требования, связанные с достижением устойчивого развития человечества. согласно «Давосскому манифесту», принятому в 1973 г., «Генеральная задача руководства предприятий – служить клиентам, сотрудникам, кредиторам и обществу, приводить к компромиссу их противоречивые интересы» [2].

Литература

1. http://www.zakon.kz/125524-socialnaja-otvetstvennost-biznesa.html

2. http://pa-academy.kz/images/ AArticle%20socialnaya%20otvetstvennost% 20biznesa%20v%20 Kazakhstane.doc

3. http://kzbydocs.com/docs/415/index-29750-1.html

УДК: 334.012 (574)

Г. Зейнилова, *магистрант*
КазУЭФМТ

ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОЕ ПАРТНЕРСТВО В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

История государственно-частного партнерства в Казахстане берет свое начало в 1991 г., когда был принят первый в истории независимого Казахстана Закон «О концессиях». С тех пор многое изменилось, партнерство бизнеса и власти перешло в плоскость государственных приоритетов, позиции Казахстана в рейтинге мировой экономики укрепляются год от года, и это делает инвестиционный климат страны привлекательным для притоков иностранного капитала. Современные вызовы требуют от органов государственного управления новые модели развития и механизмы взаимодействия с другими экономическими субъектами, в том числе в области предос-

тавления общественных услуг в условиях ограниченности ресурсов. Современный отечественный и мировой опыт доказывают, что в последнее время активно развивается государственно-частое партнерство во всех отраслях экономики и социальной сферы. Это доказывает, что государство и бизнес зайинтересованы в активном взаимодействии в решении масштабных задач, стоящих сегодня на повестке дня и направленных на решение актуальных социально-экономических проблем.

Нарыққа негізінен миллиондаған айналымы бар корпорацияларға жол ашық, ал шағын кәсіпкерлік құрылымдарының кіруіне мүмкіндік жоқ деген пікір бар. Басты дәлел ретінде шағын фирмалардың жақсы жетілген ірі компаниялармен бәсекелесе алмауын атайды. Шын мәнінде, шағын кәсіпкерлік бірнеше себептерге байланысты ірі компаниялармен бәсекелесе алады. Мысалы ірі кәсіпорындар стратегиясын өзгерту үшін 6 жыл қажет, ал жаңа стратегия еңгізу үшін 10 жыл және одан көп уақытты қажет етеді. Шағын фирмалар үшін бұл уақыт айтарлықтай азырақ – жарты жылдан 1 жылға дейін. Одан әрі, технологиялық жаңалықтар – бұл дәстүрлі түрде үлкен бизнес саласы деп саналатын, бірақ статистикаға қарасақ, 2-ші дүниежүзілік соғыстан кейін радикалды технологиялық жаңартпашылықтардың 95% шағын бизнес саласынан келуде. Басқа мәліметтер бойынша ірі фирмаларға қарағанда, шағын фирмалар 24 есе көп жаңартпашылықтар мен ашылымдар жасауда.

Ел басымыздың 2015 ж. 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында егер бизнес қуатты болса, мемлекет те қуатты болатындығын атап өткен. Нарықтық экономиканың толық қызмет етуі, халықтың әл-ауқатының, елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен халықтың экономикалық белсенділігінің өсуі кәсіпкерліктің, соның ішінде шағын кәсіпкерліктің тиімді дамуымен байланысты. Шағын кәсіпкерлік бәсекелестік нарықтық ортаны қалыптастыратындықтан, мемлекет тарапынан оны белсенді қолдау қажет.

Экономикалық және әлеуметтік дамудың шетел тәжірибесі шағын кәсіпкерлік Қазақстан экономикасының тұрақтану факторы ғана емес, сондай-ақ оның өсімінің факторы бола алатынын растайды. Шағын кәсіпкерлік бәсекелестікті тиісті деңгейде ұстауға, өндірістің икемді қайта құрылуына, инновациялық үрдістердің жылдамдауына, нарықтық қатынастардың әлеуметтік бағдарының қалыптасуына және жұмыспен қамтудың өсіміне ықпал етеді. Осыған байланысты Қазақстандағы шағын кәсіпкерліктің экономикалық проблемаларына ғылыми талдау жасау экономиканы реформалау жағдайында үлкен мәнге ие болады, бұл ең алдымен шаруашылықтың құрылымдық қайта құрылуымен, қайта жаңғырту үрдістерінің тұрақтану қажеттілігімен және келешекте тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз етумен сипатталады. Сонымен қатар бүгінгі күні шағын кәсіпкерлік секторына оңтайлы мемлекеттік және мемлекетітік емес ықпал ету, мемлекет және оның аймақтары деңгейінде кәсіпкерлікті басқарудың тұтас жүйесінің болмауы, нақты кәсіпорынның тұтас жүйесінің болмауы өзекті проблемаларға айналып отыр. Осы орайда кәсіпкерліктің теориялық аспектілеріне, шағын бизнесті анықтауға арналған бірқатар анықтама беру және шағын кәсіпкерліктің тиімді қызмет етуі бойынша практикалық мәселелерді зерделеу қажеттілігі анықталып отыр.

Кәсіпкерлік нарық қатынастарын ұдайы іске қосып отыратын ортаның нақ өзі. Экономиканың өтпелі кезеңдегі шағын кәсіпкерлік, ең алдымен, нарықтың тауармен молаюына және жаңа жұмыс орындарының құрылуына мүмкіндік береді. Жалпы алғанда кәсіпкерлік экономикада нақты белсенді ортаны қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар, мемлекеттің экономикалық дамуында оның тұрақтылығының индикаторы есепті орта тапты жасақтайды. Шағын әлеуметтік міндетіне: халықты жұмыспен қамту, тұрмыс деңгейін қамтамасыз ету, адамның өмірге деген сеніммен қарау мүмкіндігін арттыру жатады. Дамыған елдердің тәжірибесі шағын кәсіпкерлік экономиканың даму қарқынын арттыра түсетінін көрсетеді. АҚШ-та барлық жұмыс күшінің 50% шағын кәсіпкерлікпен шұғылданады. Ішкі өнімнің 33% нақ сол сала қамтамасыз етеді. Жапонияда жұмыс кү-

шінің 80% шағын кәсіпкерлікте жұмылдырылған, жалпы өнімнің 55% олардың үлесіне тиеді. АҚШ-та шағын кәсіпкерлік ғылыми-зерттеу жұмыстарының 3% ғана жүзеге асырса да, өндіріске енгізілетін ірі жаңалықтардың 50% қамтамасыз етеді. Шағын кәсіпорындардың экономикалық тиімділігі соншалықты айқын: ірі кәсіпорындар жаңа өнім өндіруге жұмсаған бір доллар шығынмен салыстырғанда, осы көрсеткішпен шағын кәсіпорындар жаңа өнімдерді 17 есе көп шығарады, шағын фирмалар мен дербес өнер тапқыштар жаңа технологияның 90% астамын жасайды.

Бұл деректер шағын кәсіпорындардың экономикадағы елеулі ролі мен маңызы туралы бұлтартпас дәлелі бола алады. Алайда, мәселе, сандық көрсеткіштерде ғана емес. Бұл сектор өзінің мәнісі жөнінен нарықты экономика типіне жатады және бүгінгі заманғы инфрақұрылымның негізін құрайды. Дамыған елдердің тәжірибесі дәлелдегендей, шағын кәсіпкерлік ахуалға шапшаң бейімделеді. Олардың экономиканы қайта құру қарқынын жедел тездетіп, шығынның тез өтелуін қамтамасыз етуге, тұтынушы сұранымының өзгеруін жедел байқап, бәсекелестіктің өрісін кеңейте түсуге, салалық және аумақтық монополизмге төтеп беруге көмектеседі.

Елімізде экономиканы жедел жаңарту мен дамытуда, жоғары экономикалық өсімге қол жеткізуде кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен кәсіпкерлікті қолдау экономиканы құрылымдық қайта құруды жандандыруға, таңдау еркіндігі мен қосымша жұмыс орындарын ұсынуға, шығындардың тез қайтымдылығын қамтамасыз етуге, тұтынушылық сұраныстың өзгерістеріне жедел бейімделуге мүмкіндік беретін шағын кәсіпорындар торабын құруды тездетуді талап етеді. Ел экономикасын дамытуда шағын кәсіпкерліктің мағыздылығы өте жоғары. Ал, осы шағын кәсіпкерлік қандай да бір іс бастау үшін ірі көлемде инвестицияларды талап етпейді және ресурстар айналымының жоғары жылдамдығына мүмкіндік береді. Осыған байланысты экономиканы қайта құрылымдау проблемаларын ұтымды шешуді, нарықты тұтыну тауарларымен толықтыруды қамтамасыз етіп қана қоймай, бәсекелік ортаны күшейту арқылы өндірілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер сапасын жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын құра отырып, жұмыссыздық мәселесін шешуге қол жеткізуге болады.

Шағын кәсіпкерліктің экономикадығы рөлі, өзіндік ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктері жөнінде көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. А.А. Шулустың пікірінше, шағын кәсіпорынның келесідей ерекшеліктерін бөліп көрсетуге болады:

кәсіпорынды тікелей басқару және меншік құқығының бірлігі;

кәсіпорынның ықшамды болуы: оның маштабының шектеулілігі кәсіпорын иесі мен жұмыскердің арасындағы қарым-қатынастың ерекше,

жеке сипатын көрсетеді. Ол қызметкер жұмысын мотивациялау мен оның еңбекке қанағаттануының жоғары дәрежесіне жетуге мүмкіндік береді;

ресурстар мен өткізу нарықтарының салыстырмалы түрде үлкен еместігі;

кәсіпорын қызметінің тиімділігі мен даму перспективасында кәсіпорын басшысының рөлі. Яғни шаруашылық қызмет нәтижелеріне толық жауапкершілікте болады.

Шағын кәсіпкерліктің тиімділігінің басты факторы – олардың өнім өндіру облысында, сондай-ақ қолданылатын еңбек құралдары бойынша бір жақты мамандануы. Шағын кәсіпкерлік шектеулі номенклатурада (1-2-ден 5-7-ге дейін) өнімдер өндіреді және бір мезгілде жоғары өнімділікпен ерекшеленетін бір жақты мамандандырылған құрал-жабдықтарды қолданады. Ол қысқа мерзімде өндіріс технологиясын және өндірістік үрдісті интенсификациялауға ғана емес, сондай-ақ негізгі құралдардың ұдайы өндіріс үрдісін өзгертуге мүмкіндік береді. Шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымдық бөлімшелер құруға көп шығын жұмсауды қажет етпейді, яғни көлік шаруашылығын, арнайы коммуникациялар, жөндеу шаруашылығын және үлкен қоймалар ұстаудың қажеттілігі жоқ. Өндіріс көлемінің шағын болуы материалдық-техникалық жабдықтауды, сондай-ақ өнімнің дайындығына байланысты өткізуді жүзеге асыруды жылдамдатуға мүмкіндік береді. Ол еңбек ресурстарын тиімді пайдалануда да ерекше мәнге ие болады. Әсіресе, қосымша жұмыс орындарын құруға, адамдарға маман ретінде өздерінің шығармашылық қабілеттіліктерін жүзеге асыруға жағдай туғызады.

Сонымен, жалпы экономикалық көзқарас тұрғысынан шағын кәсіпкерліктің дамуы өндірісті мамандандыру өсімін, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуді, өнім өндіру мерзімін қысқар-

туды, шикізаттар мен дайын өнімдерді жеткізудің көлік шығындарын, жоғалтуларды азайту, еңбек және материал ресурстарын едәуір толық пайдалануды қамтамасыз етеді.

Нарықтық қатынастар жағдайында шағын кәсіпкерліктің экономикадағы рөлін қарастырған кезде жаңашылдықты немесе жаңашылдықты еңгізу мәселесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Нарық өзіндік өзгешеліктері мен ерекшеліктеріне байланысты тұтынушыларға бәсекеге қабілетті және жоғары сапалы өнімдер жеткізу мақсатында өндірісті жаңартуды талап етеді. Сондықтан кәсіпкерлер мен кәсіпорын басшылары оларды шешу жолдарын іздеуі қажет. Оның үстіне нарықтық экономикасы дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей шағын кәсіпкерлік жаңашылдық облысында ірі кәсіпкерлікпен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие болады. Ол шағын кәсіпкерліктің нарыққа тез бейімделу, басқару икемділігі және ішкі коммуникациялар тиімділігі және басқа да осындай сапалы қасиеттерімен байланысты.

Шағын кәсіпкерліктің тиімді қызмет ету мүмкіндігі ірі өндіріспен салыстырғанда келесідей бірқатар артышылықтармен түсіндіріледі. Өнім өткізудің жергілікті нарықтарында жақындығы және тұтынушылар сұраныстарына тез бейімделумен, ірі кәсіпорындар үшін тиімсіз болған жағдайда аз партиямен өнімдер өндіру, кәсіпорынды басқарудың тиімділігі мен қарапайымдылығы және басқалары. Шағын кәсіпкерліктің дамуы мен тиімді қызмет етуі бүкіл экономиканы жақсарту үшін қолайлы жағдай туғызады. Демек, бәсекелік орта күшейеді, көптеген қосымша жұмыс орындары құрылады, тұтынушылық сектор кеңейеді, өндірістегі, саладағы және ел экономикасындағы құрылымдық қайта құру белсенді және тиімді түрде жүргізіледі, жергілікті ресурстар жақсы қолданылады, нарықты тауарлар мен қызмет көрсету арқылы толықтыру тезірек болады, ел экономикасының экспорттық әлеуеті артады.

Шағын кәсіпорын құра отырып қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлер немесе шағын кәсіпкерлікті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын, білімдерін меңгерудің өзіндік мектебі болып табылады. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің шығармашылық қабілеттерін дамыту, еркін өндірістік қорларды пайдаланудың тиімді тәсілі ретінде қарастырылады. Шағын кәсіпкерлік тұтыну сферасында ғана емес, сондай-ақ соңғы өнімді шығару үшін қажетті жекелеген түйіндер, бөлшектер, жартылай фабрикаттар, шағын механизмдер мен басқа да еңбек заттарын өндірушілер ретінде де тиімді. Ал, оларды ірі кәсіпкерлік субъектілерінің өздері өндіруі тиімсіз болып табылады. Сондықтан оларды өндіруді келісімшарт бойынша шағын кәсіпкерлікке тапсырады. Шағын кәсіпкерлік қоғамдық өніріс үрдісінде қосымша еңбекті еңгізеді, ал ол жаңа құндылықтар құрады, ұлттық байлық пен ұлттық табысты көбейтеді.

Шағын кәсіпкерліктің ел экономикасындағы рөлінің жоғары болуы оның өзіндік ерекшеліктерімен де байланысты. Ең алдымен шағын және ірі кәсіпкерліктің қызмет сферасы әр түрлі болады. Ірі кәсіпкерлік бұйымдардың тұрақты номенкластурасы және жаппай өндіріс жағдайында қызмет ете отырып, көтерме сатып алушылармен жұмыс жасайды. Ал, шағын кәсіпкерлік аз партияда өнімдер шығаруға, нарықтың белгілі бір сегментінде сатып алушылар қажеттіліктерін қанағаттандыруға, екінші ретті шикізаттарды, өндіріс қалдықтарын пайдалануға, жеке клиенттермен жұмыс жасауға бағытталады. Өзіндік өзгеше функцияларды орындай отырып шағын және орта кәсіпкерлік бір-бірін толықтырып отырады. Сондықтан шағын және ірі кәсіпкерлік арасында тікелей бәсеке бар деп айту дұрыс емес. Шағын кәсіпкерлік ірі кәсіпкерлікке қарағанда нарықтың айтарлықтай тиімді қызмет ететіндей сфераларында өз орнын табады. Мұндай сфераларға бірінші кезекте сауда, сервистік қызмет, материалмен жабдықтау және тағы басқаларын жатқызуға болады. Мәселен, машина (автомобиль) өндіру сөзсіз ірі кәсіпкерлік сферасына жатқызылса, автомобильге техникалық қызмет көрсету және оны жөндеуді шағын кәсіпкерлік айтарлықтай тиімді орындайды.

Осылайша, шағын бизнестің дамуы қосымша жұмыс орындарын құруға, жұмыссыздық мәселесін жеңілдетуге, қаржылық нарықтың жандануы, сау бәсекелі орта құру, тұрғындардың сатып алу қабілетін арттыру мүмкіндігін туғызады, ірі бизнестің бұдан әрі даму мүмкіндігін кеңейтеді. Сондықтан, шағын кәсіпкерліктің дамуының әлеуметтік аспектілерін қарастыру заңды болып табылады.

Әдебиеттер

1. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» 2015 ж. 11 қарашадағы Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Питерс Т., Уотермен Р. В поисках эффективного управления. – М.: Прогресс, 2006. – 118 с.
3. Елшібаев Р.Қ. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2009. – 218 б.
4. Горбунов Э.П. Малая экономика как фактор формирования общесоюзного рынка. – М.: Экономика, 2001. – С. 274.
5. Туржанов С.А. Малый и средний бизнес: проблемы развития, поиск решений. – Алматы, 2004. – 244 с.
6. Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік» туралы Заңы.

УДК 330.341.12: 005.95/96(574)

С.А. Сабыржанов
Научный руководитель: ***Г.М. Абауова,*** *к.э.н. доцент*
КазУЭФМТ

РАЗВИТИЕ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ

Состояние и развитие общества в значительной степени определяется количеством и составом его населения. Под населением понимается совокупность людей, живущих на определенной территории – в стране, регионе, муниципальном образовании района, городе.

Частью населения и фактором экономического развития общества являются человеческие ресурсы, также оперируют категориями «трудовые ресурсы» и «трудовой потенциал общества». Трудовые ресурсы – это одна из форм выражения понятия «человеческие ресурсы».

Термин «трудовые ресурсы» впервые применил академик С.Г. Струмилин в 20-е гг. XX столетия. В 1954 г. Международная конференция статистиков труда утвердила определение «общие трудовые ресурсы», включившие «собственно трудовые ресурсы» и «военнослужащих».

Современная мировая экономика характеризующиеся глобализацией, высокой конкуренцией, инновациями, короткими временными циклами. Она выдвигает на первый план значение таких нематериальных активов, как знания, инновации и особенно – трудовые ресурсы. Одной из важнейших задач современной экономической науки (политэкономия) является выработка концепции воспроизводства и улучшения качества трудовых ресурсов.

Трудовые ресурсы – это трудоспособная часть населения, которая, обладая физическими и интеллектуальными возможностями, способна производить материальные блага или оказывать услуги.

Экономическая категория «развитие трудовых ресурсов», представляет собой целенаправленное улучшение условий воспроизводства трудоспособной части населения, создание возможности приобретения и реализации ими физических и интеллектуальных способностей, направленных на производство общественных благ или оказания услуг.

В современных экономических условиях реализация обозначенной задачи не возможна без решения проблем трудовых ресурсов, устранения или уменьшения влияния факторов, сдерживающих их развитие, таких, как рост открытой и скрытой безработицы, негативная демографическая ситуация, низкое качество жилищной обеспеченности, социально-культурных услуг и здравоохранения, разрушение отечественной системы воспроизводства квалифицированных кадров, «утечка умов», люмпениза-ция населения крупных городов.

Концепция политики государства в области трудовых ресурсов должна носить опережающий характер, должна обеспечивать переход казахстанской экономики от сырьевой ориентации к инновационной развитой экономике, с развитым производством, передовыми технологиями и интел-

лектуальным потенциалом. Предлагается использование в социальной политике принципа согласия всех конструктивных сил, всех сторон социального партнерства.

Исходным условием рынка труда служит организация оперативного изучения и анализа спроса на рабочую силу и предложение рабочих мест со стороны государственных и частных предприятий, а также выявление ориентаций населения при выборе сферы занятости и места работы. Для регулирования рынка труда в Казахстане необходимо широко использовать финансово-кредитные рычаги, приводить взвешенную политику распределения средств производства.

Необходима также система государственного контроля за правильностью и полнотой учета доходов, получаемых от хозяйственной деятельности во всех секторах экономики гибкого из налогообложения, которая предотвратила бы возможность неоправданного обогащения любых производителей за счет потребителя, с одной стороны и ущемления интересов труженика и стимулов к труду у работников государственных предприятий и учреждений, арендаторов индивидуального сектора хозяйства – с другой.

Следует отметить еще одну важную функцию рынка труда. Он призван обеспечить экономию производства и занятости в государственном секторе, способствовать выделению в сферу обращения избыточных внутрипроизводственных резервов рабочей силы.

За последние пять лет произошли радикальные сдвиги в общественно-политической и экономической жизни страны. Курс проводимых реформ кардинально преобразил социально-трудовую сферу. Свершилась подлинная революция в занятости, а вместе с ней резко изменились общественные условия труда миллионов людей.

Сейчас с определенной долей уверенности можно утверждать, что переход от полной и безусловной занятости в общественном производстве, соответствовавшей всеобщности и обязательности труда при социализме, к системе экономической активности, отвечающей критериям рыночного хозяйства, состоялся. Более половины экономически активного населения работают не на государственные структуры, а на себя трудятся на предприятиях и в организациях частно-корпоративного типа.

Постепенно из государства заводов-гигантов Казахстана превращаются в страну мелких и средних предприятий, где люди работают не по плану, а по расчету, выживая вместе с ними в самых сложных ситуациях переходного периода.

Возрастает роль и усложняются функции территориальных центров занятости населения. Они должны вести учет резервов рабочей силы на территориальном уровне, аккумулировать всю информацию о свободных рабочих местах и вакантных должностей, информировать жителей о потребностях государственных предприятий другим нанимателям в рабочих определенных профессий и специалистах, содействовать устройству их на подходящую работу. Эти центры призваны также организовывать профессиональную ориентацию и переобучения с учетом реального спроса и возможностей трудоустройства, выявлять размеры нехватки рабочих мест, выступать инициатором создания общественных работ в условиях необходимости, оказать содействие в обеспечении работой слабо защищенных социальных групп трудоспособного населения, оказывать социальную поддержку при временной вынужденной незанятости, вести обмен информацией в условиях занятости в других регионах и республиках. Сложилось и многообразие функции определяет необходимость укрепления материальной базы службы трудоустройства, улучшение ее кадрового и финансового обеспечения.

Активное регулирование рынка труда предполагает наличие разветвленной и дееспособной инфраструктуры этого рынка, позволяющий использовать различные организационные формы и методы обеспечения занятости населения и социальной защиты, соответствующие конкретным уровнем страны и ее регионов. Рынка труда нельзя ограничить сферой деятельности бирж труда. Но именно на бирже проявляется конъюнктура всего рынка труда и, в этом смысле, они индикаторы ситуации на этом рынке. В целом же рынок труда охватывает всю систему отношений по поводу спроса и предложения рабочей силы на всех уровнях. Главное, социально значимые цели его регулирования – максимальное снижение уровня безработицы, поддержание оптимальных соотношений между спросом и предложением рабочей силы. Для достижения этих целей требуется создание эффективного рынка труда.

На государственном уровне определяются минимально необходимые нормы и нормативы функционирования рынка труда, его общие границы. Государство обеспечивает унификацию системы социального трудового законодательства, определяет объем прав работодателей и работников в сфере найма, возможности их участия в управлении производством, пределы компетенции местных органов управления рынком труда и т.д..

В ходе экономической реформы в ряде регионов на рынке труда сложилась критическая ситуация. Она характеризуется: отсутствием механизма «саморегуляции» регионального рынка труда; заметной тенденции к стихийному воспроизводству кризисному состоянию; низкой восприимчивостью к внешним воздействиям и мерам, направленным на вывод рынка труда из кризисного состояния.

Оздоровлению региональных рынков труда с критической ситуацией препятствуют инерционные процессы,медленная ротация безработных; ограниченное предложение рабочих мест; длительная продолжительность безработицы. Состояние регионов с наиболее высоким уровнем регистрации безработицы (УРБ) достаточно устойчив.

Исследования макроэкономических, демографических и социальных показателей территорий с критической ситуацией на рынке труда свидетельствует, что существуют тенденции, способствующие развитию или, наоборот, препятствующие ее возникновению. В каждом регионе рынок труда формируется под влиянием проводимой в ней политики, сложившихся социальных, культурныхи трудовых традиций. При ухудшении ситуации в экономике и социальной сфере региона можно обнаружить симптомы, свидетельствующие об угрозе перераспределения положения на рынке труда в критическое. Существует ряд показателей, которые быстрее реагируют ни изменения ситуации на рынке труда, чем показатель уровня безработицы. К таким показателям относятся: число безработных, на одну заявленную вакансию; средняя продолжительность безработицы; масштабы «скрытой» безработицы. Число безработных, приходящихся на одну вакансию, быстро увеличилось не только в регионах с критической ситуацией на рынке труда, но и в ряде регионов, отличавших стабильность ситуации.

Важной проблемой является рост открытой и скрытой безработицы и неполной занятости на предприятиях, усиление тенденции долговременной безработицы в регионах. Для решения этой проблемы необходимо увеличение занятости в малом предпринимательстве, возможное в результате дополнительных правовых мер и снижения процентной кредитной ставки при получении кредита, а также более рационального использования недвижимости.

Комплексное развитие трудовых ресурсов потребует направления большего объема инвестиций в жилищное строительство, здравоохранение, образование, культуру, науку и другие отрасли социальной инфраструктуры. Требуется ускорить разработку социальных стандартов обеспеченности жильем, развития сети медицинских, образовательных и культурных учреждений.

Экономические ресурсы, необходимые для повышения уровня и качества жизни на начальном этапе реализации политики развития трудовых ресурсов, могли бы быть получены в результате перераспределения части национального богатства, осевшего в частных руках в результате нарушений законодательства.

Под общепринятым понятием социальной ответственности бизнеса, следует понимать, прежде всего, соблюдение налогового законодательства, позволяющего государству направлять средства на нужды населения, и соблюдение трудового законодательства, позволяющего на рабочем месте обеспечить работника его законными правами на социальную защиту. Ответственность за нарушение трудового законодательства следует ужесточить, но при этом продумать защиту интересов работника перед недобросовестным работодателем и возможность их отстаивать.

Особенно актуальным является опережающее развитие сферы образования. Система высшего и профессионального образования продолжает работать по старым принципам, и подготовка специалистов слабо связана с реальными потребностями экономики. Этот разрыв приводит к тому, что профессиональные учебные заведения готовят по профессиям, которые пользуются спросом на рынке образовательных услуг среди населения, но слабо востребованы на реальном рынке трудовых ресурсов. Поэтому фи-нансовые вложения в сферу образования должны быть целевыми,

а профессиональная подготовка должна учитывать реальные потребности на рынке труда. Для обеспечения этой взаимосвязи необходимо формирование новых институтов эффективного использования человеческого капитала, которые могут сформироваться путем взаимодействия государственных структур, учебных заведений, общественных объединений, политических партий, профсоюзов и интернет-порталов посвященных трудоустройству.

Подобное взаимодействие социальных институтов было реализовано в разработке стандартов обучения передовых высших учебных заведений. В данном случае разработка производилась с учетом пожеланий ведущих предпринимателей и руководителей государственных корпораций. Предлагается использовать эту практику в дальнейшем, усовершенствовать механизмы взаимодействия, обеспечить работу вузов и предпринимателей в регионах, усилить участие общественных организаций.

Литература

1. Экономика труда: социально-трудовые отношения: Учебник / Под ред. Ю.Г. Одегова. – М.: Экзамен, 2006. – 736 с.

2. Кибанов А.Я., Митрофанова Е.А., Есаулова И.А. Управление трудовыми ресурсами: Учебник / Под ред. А.Я. Кибанова. – М.: ИНФРА-М, 2009. – 284 с.

3. Остапенко Ю.М. Экономика труда: Учебн. пособие. – М.: ИНФРА-М, 2003.

4. Новейший философский словарь. – М.: Книжный дом, 2008. – 1280 с.

ӘОЖ: 338.33.(005.511):005.336

Н. Сағатова, *магистранты*
Ғылыми жетекшісі: ***А.Ш. Абильдина,*** *э.ғ.к., доцент м.а.*
ҚазЭҚХСУ

ДИВЕРСИФИКАЦИЯ – БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Бизнестің бір түріне топтастырудың ұйымдастырушылық, басқару және стратегиялық басымдығы бар. Компанияның игерілген салада өсім есебінен пайда алу барысында, диверсификацияға қажеттілік жоқ. Диверсификация стратегиялық мақсат емес. Серпінді сыртқы ортада диверсификация сыртқы және ішкі иілгішіктің белгілі бір деңгейіне қол жетімділіктің негізі болады. Бұл ретте, төрт құрамы өзгеріске ұшырайды: нарық, өнім, сала және саладағы компанияның орыны.

Экономикалық қарым-қатынастардың дамуы соңғы уақытта диверсификацияны басқару мәселесіне қайта қызығушылық тудырып отыр, себебі диверсификациялық қайта құрылымдаудың тетігін анықтамай және қабылданатын шешімдердің салдарын бағаламай өнеркәсіп кәсіпорындарының өндірісте бәсекелес басымдыққа қол жеткізуі мүмкін емес. Диверсификациямен байланысты түбегейлі жаңа өндірістік жағдайлар, бәсеке нарықтық ортаның тұрақты өзгерісі жүргізілетін диверсификация кезеңінде кәсіпорынды басқару бойынша бірқатар міндеттерді шешу қажеттілігін анықтайды.

Заманауи жағдайларда ұйым деңгейіндегі стратегиялық басқару иілгіш және баламалы болу қажеттілігіне байланысты, диверсификациялық өсім стратегиясының элементтерін ұйымның ішкі әлеуетін оңтайландыру үшін де және оның сыртқы ортасын жетілдіру үшін де қолдану қажет.

Диверсификация өндірістік күштерді ұйымдастыру нысаны ретінде экономиканың демонополияльнуына және нарықта бәсекелестік күрестің кеңеюіне байланысты практикалық жұмыскерлердің назарын тартуда. Өкінішке орай, отандық экономикалық ғылымда осы құбылыстың экономикалық, технологиялық және әлеуметтік аспектілері жеткілікті зерттелмеген. Теория шаруа-

шылықтың нарықтық жүйесінде кәсіпорындар ұшыраған көптеген қиындықтардың туындауын алдын ала болжай алмай отыр.

Экономикалық әдебиетте диверсификация ұғымына көптеген анықтамалар кездеседі. Мұндай анықтамалардың көптігі диверсификация бір ғана анықтамамен шектелмейтін экономикалық категория болып табылатындығында.

Диверсификация (ежелгі латын тілінде – diversificato-изменения, разнообразие, от лат. diversus-разный, facio-делаю) жекелеген кәсіпорындар мен бірлестіктер өндіретін тауарлар номенклатурасын кеңейтудің жалпы түрін білдіреді. Ол кәсіпорынның тек негізгі өнім өндірісінде немесе өндірістің қандай да бір сатысына бақылау жасаудағы қорды пайдаланумен ғана емес, өндірістің жаңа түрлерін ұйымдастырумен, өзге салаға енумен де байланысты.

Осылайша, отандық экономикалық әдебиетте диверсификация дегеніміз «корпорация капиталының оның қызметінің негізгі саласымен тікелей байланысты емес салаға енуі».

Диверсификация – бұл өндірістік қарым-қатынастардың жаңа саласына компанияның енуі, оған ол неғұрлым тиімді менеджмент немесе фирма қызметін басқарудың жаңа әдісін енгізеді. Әрине, диверсификация мақсаты – ресурстарды толық пайдалану барысында болашақта тиімділік көрсеткіштерін арттыруға қол жеткізу.

А.И. Архиповтың экономикалық сөздігінде диверсификация «экономикалық тәуекелдерді төмендету мақсатында әртүрлі салымдаробъектілерінің арасында капиталдың шоғырлануы» ретінде қарастырылған (5, 169 б.).

Е.Е. Румянцева «тауарлар мен қызметтердің номенклатурасын және/немесе тәуекелді шоғырландыру және циклді бизнестен тәуелділікті төмендету үшін географиялық аумақты кеңейтуге бағытталған ортақ іскери тәжірибе» ретінде анықтайды.

Осы мәселені көп қарастырған белгілі ғалым И. Ансоффтың берген жалпы анықтамасында «Диверсификация – бұл осы кәсіпорында бар ресурстарды қайта бөлу үдерісінде, алдыңғыдан елеулі айырмашылыққа ие қызметтің өзге саласында қолданылатын термин.» (1, 85 б.).

Д.В. Арютунов диверсификация дегеніміз қызметті жаңа салаға тарату деп түсінік береді.

А.Н. Петров пікірі бойынша «диверсификация жекелеген кәсіпорындар мен бірлестіктер өндіретін тауарлар номенклатурасын кеңейтудіңжалпы түрін білідреді. Ол кәсіпорынның тек негізгі өнім өндірісінде немесе өндірістің қандай да бір сатысына бақылау жасаудағы қорын пайдаланумен ғана емес, өндірістің жаңа түрлерін ұйымдастырумен, өзге салаға енумен де байланысты. (4, 209 б.).

Диверсификация туралы шешім болжамдар мен қолайлы жағдайды күту негізінде қабылданады. Диверсификация стратегиясын әзірлеу барысында келесі үш критерийді пайдалану қажет:

1. Саланың тартымдылығы.
2. Салаға ену шығындары.
3. Қосымша басымдықтары (синергизм тиімділігі).

Диверсификация экономикалық стратегия ретінде – диверсификацияны кәсіпорынның бәсеке стратегиясы ретінде қамтитын неғұрлым жалпы ұғым екені белгілі. «Диверсификацияға» бастапқыдан өте тар ауқымдағы ұғым, яғни өндірілетін бұйымдардың номенклатурасын кеңейтумен және шаруашылық жүргізудің жаңа саласын енгізумен байланысты кәсіпорынның экономикалық стратегиясы ретінде түсініктеме берілген.

Диверсификация терминінің әр түрлілігіне қарамастан, әр ұйым өзінің стратегиялық даму тұрғысынан оның рөлін ерікті түрде анықтауы тиіс. Осы бағытта әр ұйым диверсификациялық өсімнің ауқымын және нысанын анықтауы тиіс.

Диверсификацияның негізгі бағыттары 1-суретте берілген (1, 85-парақ).

Компанияға диверсификация мәселесін шешу кезінде екі аспектіні ескеру қажет (1-кесте).

1-сурет. **Ұйым деңгейінде диверсификацияның негізгі бағыттары**

1-кесте. **Диверсификация стратегиясын таңдау кезінде сындарлы факторлар**

Диверсификация стратегиясы	**Іске асыру жолдары**	**Басқару шығындарының көздері**
Байланысты	Капиталдың ішкі нарығы, ресурстарды қайта құрылымдау, тапсыру, қайта бөлу	Шаруашылық жүргізудің стратегиялық аймақтарының саны Шаруашылық жүргізудің стратегиялық аймақтарының арасында үйлестіру
Байланыссыз	Капиталдың ішкі нарығы, қайта құрылымдау	Шаруашылық жүргізудің стратегиялық аймақтарының саны

Осылайша, байланысты және байланыссыз диверсификациялар арасындағы таңдау диверсификация кезіндегі пайдалылықты салыстыруға және басқарудың қосымша үлестік шығындарына байланысты.

Әдебиеттер

1. Арутюнова Д.В. Стратегиялық менеджмент. – Таганрог: ТТИ ЮФУ, 2010. – 122 б.
2. Кацай М. Басқару стратегиясын әзірелу // Менеджмент. – 2008. – №21. – 40-43 бб.
3. Пашутин С.Б. Әлемдік нарыққа шығумен бизнес диверсификациясы // Ресейдегі және шетелдегі менеджмент. – 2008. – №6. – 31-36 бб.
4. Стратегиялық менеджмент: Теория және практика: ЖОО үшін оқу құралы. – М.: Аспект Пресс, 2007.
5. Фатхутдинов Р.А. Стратегиялық менеджмент: Оқулық / А.А. Фахутдинов. – М.: Дело, 2008. – 448 б.
6. Экономикалық сөздік / Ред. А.И. Архипова. – М.: Проспект, 2010. – 865 б.

УДК 631.171
А.А. Саду, *магистрант*
Научный руководитель: ***А.Х. Галиева,*** *д.э.н., и.о. профессора*
КазУЭФМТ

ПРИМЕНЕНИЕ ОПЫТА ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН РАЗВИТИЯ ГЧП В КАЗАХСТАНЕ

По данным Мирового банка, за последнее десятилетие только в развивающихся странах на принципах ГЧП было реализовано более 600 проектов в различных сферах. Анализ мирового опыта показал, что проекты ГЧП применяются в широком спектре различных отраслей народного хозяйства, в которых государство привлекает частный капитал для решения разнообразных задач. Причем следует отметить, что эти задачи имеют в своей постановке не только экономический, но и социальный, политический, экологический аспекты. Как правило, большинство стран начинают свою программу по развитию ГЧП с концессионных проектов в автодорожной отрасли (платные дороги, мосты, туннели).

По словам ведущего научного сотрудника ИМЭМО РАН В. Варнавского «на долю отраслей производственной и социальной инфраструктуры, находящейся под контролем государства, которая как раз и является объектом ГЧП, приходится до 30% ВВП развитых стран. А по данным Всемирно банка, за последнее десятилетие только в развивающихся странах на принципах ГЧП было реализовано проектов транспортной инфраструктуры на 125 млрд долл.». В этой связи особый интерес представляет вопрос рассмотрения перспектив применения передового зарубежного опыта по реализации ГЧП-проектов в условиях отечественной экономики и текущего этапа социально-экономического развития [1].

Внедрение ГЧП в конкретной стране может включать в себя несколько этапов. Начиная от выработки политики, этот процесс практически постоянно совершенствуется путем выявления различных барьеров, их ликвидации, совершенствования, углубления и расширения сфер применения ГЧП. Развитие ГЧП условно можно разделить на три этапа: подготовка, внедрение и совершенствование. На подготовительном этапе страны изучают международный опыт, анализируют действующее законодательство, определяют общую государственную политику в области ГЧП и иногда начинают реализовать пилотные проекты.

Этап внедрения ГЧП предполагает ряд мероприятий таких как: формирование законодательства, разработка методических инструкций и руководств, создание специализированного органа ГЧП, расширение сферы применения ГЧП и т.д.

Этап совершенствования характеризуется повышением активности в сфере ГЧП и повышением уровня сложности проектов. Данный этап предполагает дальнейшее совершенствование законодательства, а также моделей реализации проектов ГЧП.

На данный момент можно утверждать, что подготовительный этап в Казахстане пройден и идет процесс внедрения ГЧП (имеется законодательство, ведется подготовка реализации концессионных проектов). На сегодняшний день те или иные формы ГЧП либо регламентированы в законодательстве, либо, так или иначе, затрагиваются им (законодательство о государственных закупках, концессиях, положения Гражданского кодекса по передаче в доверительное управление, лизингу, приватизации).

Концессии являются наиболее актуальной формой ГЧП в Казахстане и в других странах мира. Это можно объяснить наиболее сбалансированным распределением рисков в концессионных соглашениях по сравнению с другими формами ГЧП.

Кроме того, для усиления институциональной системы и экономической экспертизы концессионных проектов 17 июля 2013 г. постановлением Правительства РК создана специализированная организация по вопросам концессии (далее – специализированная организация), основной целью которой является содействие методологическому и методическому обеспечению реализации концессионных проектов [2].

Перед специализированной организацией стоит задача по экономической экспертизе концессионных проектов, оценке эффективности концессионных проектов, наряду с выработкой комплексных мероприятий по совершенствованию механизма ГЧП и проведением исследований.

В настоящее время в Казахстане реализуются концессионные проекты по модели ВТО (строительство-передача-эксплуатация). Необходимо постепенное внедрение и других форм, и соответствующих им моделей ГЧП. Учитывая ограниченность институциональных ресурсов, предполагается подход пошагового развития ГЧП «от простого к сложному». Другими словами, необходимо постепенно расширять сферы применения ГЧП, начиная от более простых схем, а затем, развивая институциональную систему, в т.ч. совершенствуя законодательство и, наращивая степень зрелости частного сектора, использовать ГЧП в других сферах, где требуются более сложные схемы согласования и финансирования [3].

В региональном аспекте внедрение ГЧП предлагается осуществлять «от центра к периферии», т.е. на начальном этапе внедрения планирование и реализацию концессионных проектов осуществлять, базируясь на инвестиционной программе республиканского уровня, параллельно реализовывая программу обучения для региональных специалистов.

Критериями выбора объекта в качестве пилотного проекта могут быть: масштаб/мощность; институциональная схема (наличие ясной институциональной схемы); отсутствие законодательных ограничений.

Первые концессионные проекты в РК были запущены еще до принятия Закона «О концессиях». После принятия Закона были заключены еще 5 концессионных соглашений (табл. 1).

Таблица 1 – **Формы ГЧП в действующем законодательстве РК**

Формы ГЧП	**Регламентация в действующем законодательстве**
1	2
Контракты на управление и содержание	• Данная форма ГЧП может быть реализована в рамках действующего законодательства по вопросам государственных закупок • В рамках действующего законодательства реализация данной формы ГЧП возможна при условии соблюдения основных принципов ГЧП
Контракты на эксплуатацию и содержание	• В рамках таких контрактов частная сторона принимает на себя обязательство по управлению и содержанию, а также по финансированию операционных, иногда части капитальных, затрат • Согласно действующему законодательству предусмотрена возможность таких контрактов, необходимо дальнейшее развитие законодательной базы
Концессии	• На данный момент – это наиболее актуальная форма ГЧП в Казахстане • Создана законодательная база для реализации концессионных проектов. Успешное развитие данной формы ГЧП возможно при условии дальнейшего совершенствования законодательной и институциональной базы
Название проекта	**Цель проекта**
Строительство и эксплуатация новой железнодорожной линии «Станция Шар-Усть-Каменогорск»	Новое транспортное направление «Станция Шар-Усть-Каменогорск» исключает двойное пересечение государственной границы и прохождение таможенных процедур, сокращает транспортировку на 328 км. в южном направлении и на 92 км. в западном направлении, что ускоряет доставку грузов на 12-14 часов
Строительство и эксплуатация межрегиональной линии электропередачи «Северный Казахстан-Актюбинская обл.»	Строительство межрегиональной линии электропередачи, соединяющей Северный Казахстан с Актюбинской областью, помимо решения проблемы растущего дефицита электрической мощности Актюбинской области, повысит надежность электроснабжения потребителей и снизит энергетическую зависимость потребителей Актюбинской области от поставок электроэнергии из Российской Федерации
Строительство и эксплуатация пассажирского терминала международного аэропорта Актау	Строительство пассажирского терминала является частью комплексной реконструкции международного аэропорта Актау, который должен стать третьей воздушной гаванью после астанинского и алматинского аэропортов. С введением его в эксплуатацию пропускная способность аэропорта Актау увеличится до четырехсот пятидесяти пассажиров в час

Продолжение таблицы 1

1	2
Строительство и эксплуатация новой железнодорожной линии Коргас-Жетыген	Данный проект имеет стратегическое значение для Казахстана. Новая железнодорожная линия призвана создать второй международный транспортно-экономический коридор большой мощности между Казахстаном и Китаем. Основным преимуществом новой линии в первую очередь является существенное сокращение расстояния и времени доставки транзитных грузов
Строительство и эксплуатация железнодорожной линии Ералиево-Курык	Проект имеет стратегическую важность для развития грузового района порта Курык, создания условий для развития береговой инфраструктуры в районе п. Курык, транспортировки казахстанских грузов к Каспийскому морю, а также снятия чрезмерной нагрузки с морского порта Актау
Строительство и эксплуатация газотурбинной электростанции в г. Кандыагаш	Реализация данного проекта позволит приблизить источник производства электроэнергии к развивающимся потребителям, а также повысить эффективность использования попутного нефтяного газа месторождения Жанажол
Электрификация железнодорожного участка Макат-Кандыагаш	Электрификация данного участка позволит снизить затраты по перевозкам и повысить пропускную и провозную способности. Более того, сооружение линий электропередачи и подстанций 220 кВ для электрификации железнодорожного участка Макат-Кандыагаш имеет значение магистральных (межсистемных) электрических сетей для объединения всех областей Западного региона Казахстана в Объединенную электроэнергетическую систему (ОЭС) Западного Казахстана и объединения Западной зоны с Северной зоной в составе Единой электроэнергетической системы (ЕЭС) Казахстана

Необходимо постоянное наращивание потенциала. Прежде всего, следует начинать с отрасли, в которой уже имеется опыт реализации концессии, и постепенно расширять сферы применения ГЧП в других отраслях – принцип «от пилотного к массовому» [4]. В каждой отрасли необходимо реализовать пилотный проект.

Таким образом, в целях дальнейшего развития экономики Казахстана необходимо повышение эффективности взаимодействия государства и бизнеса для реализации приоритетных задач государства. В настоящее время частично сформирована законодательная база, регулирующая деятельность участников концессии. Что касается законодательного обеспечения ГЧП в целом, то этот процесс находится только на начальной стадии [5].

В соответствии с постановлением Правительства РК от 29 июня 2011 г. №731 утверждена Программа по развитию государственно-частного партнерства в Республике Казахстан на 2011-2015 гг. Целью которой является, создание законодательной и институциональной основы для реализации инвестиционных проектов с использованием механизмов государственно-частного партнерства в РК.

Определены в Программе также и задачи:

– совершенствование законодательства в области ГЧП;

– обеспечение разработки мер по эффективному планированию и управлению за процессами подготовки и реализации проектов на основе ГЧП;

– установление критериев оценки эффективности реализации проекта через качество предоставления услуг населению;

– обеспечение подготовки и повышения квалификации специалистов в области ГЧП.

В Республике Казахстан рассматриваются проекты сотрудничества в сфере развития ГЧП (в частности, проект меморандума АОНК «Қазақстан темір жолы» о сотрудничестве в сфере ГЧП на железнодорожном транспорте), успешно реализуются программы по обеспечению деятельности социально-предпринимательских корпораций («Каспий», «Тобол», «Батыс», «Ертіс», «Остүстік» и «Жетісу»), призванные способствовать консолидации государственного и мастного секторов, создания единого экономического рынка I ш основе кластерного подхода, формирования благоприятней экономической среды для привлечения инвестиций и инноваций на основе формирования несырьевой экономики. Также в развитие механизмов ГЧП в Казахстане позитивную роль играют принятые «Стратегия Индустриально-инновационного развития Казахстана на 2003-2015 гг.», Государственная программа «30 корпоративных лидеров». Последняя, в частности, устанавливает схему взаимодействия государства и бизнеса в рамках реализации перспективных инвестиционных проектов по двум направлениям. Первое направление предусматривает оказание

государственной поддержки инвестиционным проектам, предлагаемым бизнесом к реализации. Роль государства в этом случае заключается в оценке проектов, а также определении конкретных мер и объемов государственной поддержки. Второе направление основано на совместной работе частного сектора и государства по определению конкурентоспособных, экспорт ориентированных товаров (услуг). Частный сектор совместно с государством определит и будет реализовывать проекты по созданию интегрированных, взаимосвязанных и сопутствующих производств в приоритетных не сырьевых экспорт ориентированных секторах экономики Казахстана, которые обеспечат прорывной сконцентрированный эффект для выхода казахстанских товаров на международные рынки [6, 7].

Следует также отметить то, что уровень развития ГЧП в стране является одним из критериев, который международная организация «Институт развития менеджмента» учитывает при расчете индекса конкурентоспособности. На его основе составляется рейтинг, который с 1989 г. публикуется в WorldCompetitivenessYearbook.

Казахстан одной из целей своего развития определил обеспечение вхождения республики в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных государств мира, обозначенной Президентом в Послании народу Казахстана. Для воплощения это амбициозной идеи необходимо в первую очередь обеспечить взаимовыгодное, эффективное партнерское взаимодействие государства и бизнеса, примером успешной реализации которого является опыт ГЧП высокоразвитых стран, который, безусловно, необходимо максимально использовать в процессах совершенствования экономической системы Казахстана.

Литература

1. Гринберг Р.С. Частно-государственное партнерство: состояние и перспективы развития. Аналитический доклад. – М. – 2008.

2. Варнавский В.Г. Партнерство государства и частного сектора: формы, проекты, риски. – М.: Наука, 2007.

3. Левитин И.Е. (в соавторстве). Теоретические аспекты партнерских отношений в экономике переходного периода (Введение в теорию государственно-частного партнерства): Курс лекций. – М.: Академкнига, 2010.

4. Частно-государственное партнерство – альтернатива приватизации и средство привлечения инвестиций в экономику: Сбор. трудов / Под ред. О.А.Оганяна. – М., 2006. – 325 с.

5. Частно-государственное партнерство при реализации стратегических планов: практика и рекомендации. – СПб: Международный центр социально-экономических исследований «Леонтьевский центр», 2007. – 24 с.

6. Лихачев В., Азанов М. Практический анализ современных механизмов государственно-частного партнерства в зарубежных странах, или как реализовать ГЧП в России // Финансы, экономика, безопасность. – 2007. – №2.

7. «Программа по развитию государственно-частного партнерства в РК на 2013-2017 гг.» (Постановление Правительства РК от 29.06.2013. №731).

ӘОЖ 330.322

Д.М. Сакенова

Ғылыми жетекшісі: ***А.С. Бақтымбет,*** *э.ғ.к., доцент*

ҚазЭҚХСУ

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫН ТАРТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қазіргі таңда әлемдік экономикалық жүйенің жандануы жағдайында, сондай-ақ, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік алуы және ашық нарықтық экономиканы қалыптастыруымен байланысты

шетелдік инвестиция объективті қажеттілікке айналып отыр. Өтпелі кезеңде экономикалық өрлеу мен нарықтық реформаларды қаржыландыру үшін елдің ішкі қорланымдарының жеткіліксіздігі себепті шетелдік инвестицияның рөлі мен мәні арта түсті.

Қазақстан халқына ел Президентінің жолдаған «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты 2016 ж. 10 млрд долл. астамға ұлғайтып, тұтастай алғанда 10 жыл ішінде – кем дегенде 100 млрд долл. жеткізу қажеттігін атап өткендей, еліміздің экономикасына инвестицияларды тарту маңызды мәселе ретінде қарастырылған [2].

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап экономикалық жағдайын тұрақтандыру, ішкі экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және инвестициялар тарту жөніндегі саясатты белсенді түрде жүзеге асырды. Шетел капиталын ұлттық экономикаға тарту өте пайдалы процесс. Біріншіден шетелдік инвестициялар елдің өндіріс базасын жедел жетілдіруге және оның өндірістік мүмкіндіктерін артыруға көмектеседі. Екіншіден шетел фирмалары жаңа өндірістік кәсіпорындар ашумен қатар өндірісті ұйымдастыру тәжірибесін де ала келеді.

Инвестиция (латынша investire – киіндіру) – табыс алу, меншікті капиталды молайту, елдің материалдық байлығы мен бейматериалдық сипаттағы қоғамдық құндылықтарын еселей түсу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілер салатын инвестициялық қаражатты білдіреді. Инвестициялар инвестициялау формаларына, айналыс өрісіне, негізгі капиталдың ұдайы өндірістегі мақсаты мен рөліне және қаржыландыру көздеріне қарай негізгі капиталға салынатын инвестициялар, шетелдік инвестициялар, қоржындық инвестициялар болып бөлінеді. Шетелдік инвестициялар – шет ел инвесторлары жүзеге асыратын инвестициялар. Шетелдік инвестицияларға:

– тікелей шетелдік инвестициялар (қаражатты компаниялардың немесе кәсіпорындардың жарғылық қорына немесе акцияларына салу);

– қоржындық шетелдік инвестициялар (қаражатты ұзақ мерзімді борышқорлық міндеттемелер мен бағалы қағаздарға салу);

– сыртқы несиелер, қарыздар, ресми және гуманитарлық көмектер жатады. Шетелдік инвестициялардың түрлері 1-суретте көрсетілген [1].

1-сурет. **Шетелдік инвестициялардың түрлері**

Тікелей инвестиция деп капиталды экспорттаушының оны қабылдаушы елдің территориясында өндірісті ұйымдастыруын айтады. Тікелей инвестициялар арқылы халықаралық корпорациялар дүниежүзілік нарықта өз бөліктерін жүргізеді. [1]

Қоржындық инвестиция – ұзақ мерзімді борышқорлық міндеттемелер мен бағалы қағаздарға салынған қаражат; капиталға қатысуды және салынған капиталға шаққанда табыс алуды қамтамасыз етеді. Әлемдік практикада капитал қорланымы мен халықтың жинақ ақшасының көп бөлігі бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдары арқылы жанама түрде өндірісті инвестициялауға қатысады. Мысалы, әлемдік инвестициялық байлықтың жалпы көлеміндегі қаржы байлығының

үлесі көп – 57,7%. Халықтың ақшалай қаражатының қорланымына келетін болсақ, мысалы, АҚШ-та бағалы қағаздарға (негізінен, акцияларға) салынған инвестицияның жалпы көлемдегі үлесі 50%-дан асады. Қазақстанда халықтың акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар сатып алуға жұмсаған шығыны олардың жалпы көлемінің 3%-нен аспайды. Мұндай жағдайдың себебі қор рыногі мен қаржы құралдары дамымаған.

Қазақстан үшін тікелей шетелдік инвестиция неғұрлым тиімді. Нарықтық экономика жағдайында шетелдік инвестицияны тарту және пайдалану тек қаражаттың ғана емес, сонымен бірге шетелдік технологиялардың, басқару тәжірибесінің де ағылып келуін қамтамасыз етеді, жаңа рынктарға жол ашады, ірі құрылымдық өзгерістерге, нарықтық инфрақұрылымның қалыптасуына, инновациялық процестердің кеңеюіне, экономөиканың жекеше секторының қалыптасуына серпін береді. Ол қабылдаушы елдің шаруашылық қызметінде инвестордың ұзақ мерзімді мүддесін қанағаттандырады және мемлекеттік сыртқы борышты қалыптастырмайды.

– предполагается наличие эффективного рынка капитала (рынок на всех этапах его функционирования и по всем его сегментам является «совершенным»), что подразумевает бесплатность и равнодоступность информации о его конъюнктуре для всех заинтересованных лиц, а также рациональный характер их поведения, отсутствие комиссионных брокерам, возможность любого дробления ценных бумаг, одинаковые процентные ставки для всех инвесторов (юрид. и физ. лиц);

– одинаковый уровень производственного риска для всех предприятий, т.е. считается, что все предприятия находятся в одной группе риска;

– одинаковые ожидания величины и рискованности будущих доходов для всех инвесторов;

– безрисковая процентная ставка по займам (на рынке действует в рассматриваемый период времени единая для всех инвесторов и кредиторов безрисковая ставка процента на вкладываемый или передаваемый в ссуду капитал);

– физические лица могут осуществлять ссудно-заемные операции по безрисковой ставке;

– бессрочный характер всех потоков денежных средств (т.е. темпы прироста равны нулю, а доходы имеют постоянную величину), другими словами, ожидаемые денежные потоки представляют собой бессрочные аннуитеты (т.е. рост доходов не предполагается);

– вся прибыль организаций идет на выплату дивидендов;

– предприятия эмитируют только два вида обязательств: долговые с безрисковой ставкой и акции (рисковый капитал);

– отсутствуют затраты, связанные с банкротством;

– отсутствуют налоги, т.е. полное отсутствие налогов [7, с. 138].

Литература

1. Закон РК от 2 мая 1995 г. №2255 «О хозяйственных товариществах» (с изм. и доп. по сост. на 03.07.2014 г.).
2. Закон РК от 13 мая 2003 г. №415-II «Об акционерных обществах» (с изм.и доп. по сост. на 31.10.2015 г.).
3. Мендалиева С.И. Финансовый менеджмент: Учебн. пособие. – Астана: ИПЦ КазУЭФМТ, 2010. – 278 с.
4. http://www.financial-lawyer.ru/
5. Технологии финансового менеджмента: Учебн. пособие / В.В. Быковский и др. – Тамбов, 2008. – Ч. 1.
6. Тургулова А.К. Финансовый менеджмент: Учебн. пособие. – Алматы: LEM, 2010. – 324 с.
7. Финансовый менеджмент: Учебник / Под ред. Н.И.Берзона, Т.В.Тепловой. – М.: КНОРУС, 2013. – 656 с.

ӘОЖ337:332.4:310:131.3

Б.М. Изтурганов

Ғылыми жетекшісі: ***Г.А. Раматуллаева,*** *э.ғ.к., доцент*

ҚазЭҚХСУ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ МЕН БОЛЖАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

Қаржылық жоспарлау – кәсіпорынның қаржылық ресурстарын қалыптастыру және пайдалану үдерісінің негізінде оның ұзақ және қысқа мерзімдік мақсаттарына сәйкес анықталады. Қаржылық жоспарлау механизмінің жұмыс істеу қисынын пайдалана отырып, кәсіпорын қолайсыз үрдістердің пайда болуынан немесе дамуынан сақтандырады.

Қаржылық жоспарлау кәсіпорынның банкроттыққа ұшырамауының сенімді құралы болып есептеледі. Бұл – мүмкін болатын мәселелерді алдын ала көру, берілген кезеңге арналған жоспарды анықтау және тәптіштеу, олардың орындалуын бақылау және сондай-ақ кәсіпорынның әртүрлі бөлімшелерінің әрекетін коммуникациялауды және үйлестіруді пайдалану арқылы іске асырылады.

Кәсіпорынның нарықтық экономика жағдайындағы тиімді қызметі кәсіпорынның даму жоспа-

рын, өндірістік бағдарламаларын, инвестициялық саясатын, әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеген жағдайда мүмкін болады.

Қаржылық жоспарлау өндірістік, инвестициялық және қаржылық қызметтерді қажетті қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету мәселелерін шешеді; капиталды тиімді салу жолдарын анықтайды, оның үнемді пайдаланылу дәрежесін бағалайды; ақша қаражаттарын тиімді пайдалану арқылы пайданы ұлғайтудың ішкі шаруашылықтағы резервтерін айқындайды.

Қаржылық жоспарлаудың нақтылы міндеттері қаржы саясатымен айқындалады. Бұл: жоспарлы тапсырмаларды орындауға қажетті ақшаның көлемі мен олардын көздерін анықтау; кірістерді өсірудің, шығындарды үнемдеудің резервтерін анықтау; орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қорлар арасында қаражаттарды бөлуде оңтайлы үйлесімдерді белгілеу және басқалары [1. 85 б].

Қаржылық жоспарлаудың маңызды объектілері (1-сурет): кірістер мен шығыстардың нақты теңгерімін құру үшін өнімді (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатудан түскен түсімді есептеу, пайданың, айналымдық активтердің ағымдағы және болашақтағы көлемін қалыптастыру және бөлу; меншікті айналымдық активтер нормативінің өсу көздерін анықтау және олардың кемшіліктерін жабу; амортизациялық аударымдарды есептеу; жөндеу қорын есептеу; кәсіпорынның әлеуметтік қорын қалыптастыру және бөлу; капиталдық құрылыстағы ішкі ресурстарды жұмылдыру; бюджетпен және бюджеттен тысқары қорлармен өзара қарым-қатынас [1. 99 б].

1-сурет. **Қаржылық жоспарлау объектілері***

**Есенгельдин Б.С., Ақбаев Е.Т. Қаржылық менеджмент: Оқулық. – Алматы: Дәуір, 2011. 288 оқулығы негізінде автормен құрастырылған*

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының кәсіпорындарындағы қаржылық жоспарлаудың көптеген мәселелері туындап отыр. Бұл мәселелерді шешу жолында кәсіпорынның қаржы-экономикалық тиімділігін жоғарылатуға бағытталған қаржылық жоспарлауды қайта ұйымдастырудың көптеген көзқарастары қарастырылады [2. 85 б].

Кәсіпорындағы қаржылық жоспарлаумен байланысты туындайтын мәселелердің көп бөлігі маңызды болуына сәйкес 1-кестеде және үшінші суретте бейнеленген.

1-кесте. **Кәсіпорындағы қаржылық жоспарлаумен байланысты туындайтын мәселелер***

Мәселелердің атауы	Қазіргі жағдайда алатын үлес салмағы
Жоспарлардың жиынтығы	5%
Қаржылардың өткізілуі	10%
Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлардың өзара байланысы	15%
Басшылар үшін жоспарлардың айқындылығы	20%
Оперативті құрылуы	20%
Нақты қаржылық жоспарлар	30%

**Статистикалық мәліметтердің негізінде құрылған*

Нақты айтқанда, кәсіпорынды тиімді басқару үшін міндетті түрде ұзақ мерзімге (жыл, тоқсан) жоспарланған қаржылық жоспарлау қажет. Жоспарлардың нақты түрде құрылмауы дебиторлық қарызды өтеу мерзімдерін төмендетумен, қаржыландыру қажеттіліктерінің өсірумен тығыз байланысты болады. Нәтижесінде, күшпен алынған тұрақсыз жоспарлар басқарудың нақты құралы болып саналмайды, себебі жоспарды басқарудың құралы ретінде қолдану үшін айналым қаражаттарын ағымдағы әртүрлі баптар бойынша дұрыс бөлуді білу қажет. Бұл фактінің болдырудың себебі – қаржылық жоспарлауға қатысатын бөлімдерінің келіспеушілігі.

Екінші мәселенің бірі – жоспарларды құрудың оперативтілігі. Тіпті жақсы құрылған қаржылық жоспар қажетті болған мерзімінде тапсырылмайтын болса, онда оның қажеттілігі төмендейді. Сөтіп, екінші аптаның соңында құрылатын айлық жоспар, өзінің тәжірибесінде күдіктенуді туғызады. Оперативтілігінің төмен болу себептері басқарушыларға мәлім, олар:

– бір бөлімнен екінші бөлімге жоспар ақпараттарын дайындау мен жіберу жүйесінің болмауы;

– жоспарларға қажетті келісім берудің ұзақ мерзімді процесі;

– ақпараттардың нақты болмауы және жетіспеушілігі.

Көптеген жағдайларда, қаржылық жоспарлауды құрудың процедуралары бөлімдердің арасында құжатсыз өзара қатынастарда, телефон шырылдауымен, стандартты емес құжаттармен және басқа да жағдайлармен байланысты құрылады.

Аталған екі мәселе үшінші бір мәселені тудырады – басқарушылар үшін жоспарлардың айқынды болуы. Қаржылық жоспарды басқаруда басқарушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында және барлық бөлімдері арқылы өтетін операцияларды жүргізу тәртібінің болмауы ұзақ мерзімді қаржылық жоспарларды қысқа мерзімді қаржылық жоспарларға сәйкес құрылуына кедергі жасайды. Себебі, әрбір бөлімнен басшыларға берілетін қысқа мерзімді жоспарларға, жалпы кәсіпорынның бір ұзақ қаржылық жоспарымен сәйкес келмейді. Қысқа мерзімді қаржылық жоспарлар өз заңдылықтарымен құрылады және олардың мақсаты – кәсіпорынның ақша қаражаттарының дефицитін басшылармен келісілген бағыттарға және жобаларға сәйкес құрастыру. Әрине, бұл мәселені кәсіпорын басшылары болдыртпауға тырысады, бірақ көптеген кәсіпорындарда бұл өзекті мәселенің бірі болып қалып отыр [3].

Қаржылық болжау қаржылық жоспарлардың негізі болып табылады.

Компанияның қызметінің нәтижесіне әсер ететін шешімдер мен сыртқы факторлардың ықтимал қаржылық салдарларын бағалау. Қаржылық болжаудың бастапқы нүктесі сатылым мен оған сай шығын болжамы болып табылады; соңғы нүкте мен мақсат – қосымша қаржыландырудағы қажеттіліктер есебі. Қаржылық болжаудың басты міндеті тауар көлемінің көбейту мен қызмет көрсетудің нәтижесінде туындайтын қосымша қаржыландырудың қажеттіліктерін анықтау болып табылады. Қаржылық болжау әртүрлі әдістерді қолдануды қажет етеді:

– экономикалық процестерді анықтайтын факторларға қарай қаржы жоспарлары көрсеткіштерінің динамикасын бейнелеп көрсететін экономикалық үлгілерді жасау;

– корреляциялық регрессиялық талдау;

– тікелей сараптамалық бағалау әдісі.

Болжамдар әрқашанда бұрынғы деректерге сүйенеді, алайда кәсіпорынның болашақтағы дамуын айқындауға және бақылауға тырысады. Сондықта да, болжамдардың сенімділігі бұрынға нақты көрсеткіштердің дәлдігіне тәуелді. Мұндай сенімділікті қамтамасыз ету бухгалтерлік дәл есепсіз және ауқымды статистикалық қажетті базаға ие болмай мүмкін еместігі айқын.

Кәсіпорын әрқашанда жалпы нарықтың шағын бөлігі ғана болып саналатындықтан, ел экономикасын дәлірек болжамдар үшін дәл ақпаратты мүмкіндігінше көбірек алу қажет.

Егер кәсіпорынның дамуы нақты елдегі жалпы экономикалық дамуымен қатар өтуі міндетті болмаса, онда нарық көрсеткіші кәсіпорынды жоспарлаудың бастапқы деректері болып саналады. Кәсіпорын неғұрлым ірі болса, әдетте жоспарлау соғұрлым оңайырақ болады. Дегенмен, ірі кәсіпорындарға қарағанда ұсақ кәсіпорындарда басшылар үшін кейбір факторлар едәуір айқынырақ болады.

Тағы бір атап көрсететін жайт, тұтастай экономикалық кейбір жағдайлары, мәселен экономикалық дағдарыстарды, ереуілдерді, т.б. жоспарлау тіптен мүмкін емес. Болашақтың даму барысын дәл болжаудың мүмкін болмайтындығы секілді, тұтастай нарық туралы, бірінші кезекте, бәсекелестер қызметіне тиісті маңызды деректерді күні бұрын алу мүмкін емес.

Демек, кәсіпорындағы кез келген болжамдар толық емес деректерге сүйенеді. Кәсіпорында болжам жасау үшін қажетті ақпараттар толық болмағандықтан, ал кейбіреуі мүлдем белгісіз болғандықтан, кейбір деректер жетіпейтіндіктен, болжамдар сатысы көбінесе қызметкерлердің өз ісін қаншалықты жетік білетіндігіне байланысты [4. 285 б].

Осыған орай, болжам жасаған кезде барлық көрсеткіштер толық пайдалануы, сонымен қоса болжам жасағанда өзгеріс енгізетіндігі ойластырылуы, ал болжамдың өзі болжамның өзгеруіне қарай үйлестіріліп отыруы тиіс. Сондықтан да, болжамда резервтер ескеріледі. Алайда, резервтің көп болуы болжамның көптігіне нұқсан келтіреді, ал шамалы резервтер болжамды жиі-жиі өзгертуге мәжбүр етеді. Болжам көрсеткіштерін ақтық басшының билігінде, оның орындалуын үйлестіру мен бақылау да соның игілігінде.

Демек, кәсіпорынның жоспарлы жүйесі, кәсіпорынның сан түрлі саласының қызметі бір-бірінен айқын шектелген, жекелеген болжамнан тұрады [5. 112 б].

Қаржылық жоспарлаудың басты міндеті – табыстылықтың, өтімділіктің және тәуекелдің арасындағы экономикалық мәміле тұрғысынан алдағы шаруашылық кезеңіне тауарлық, қаржылық, инвестициялық, ақпараттық және басқа нарықтардағы кәсіпорынның стратегиясын негіздеумен немесе капиталдың оңтайлы құрылымының аясында орынды резервтерді ескере отырып, қаржылық ресурстардың қажетті көлемін анықтаумен тұжырымдалады. Кәсіпорынның қаржысын тиімді басқару шаруашылық жүргізуші субъектінің тек барлық қаржылық ағымдарын, үдерістерін және қатынастарын жоспарлаған кезде мүмкін болады.

Әдебиеттер

1. Материалы I Международного конгресса молодых ученых и студентов «Мир Науки» / Под ред. Е.Б. Жатканбаевой, Г.А. Садыхановой. – Алматы, 2012.

2. Есенгельдин Б.С., Ақбаев Е.Т. Қаржылық менеджмент: Оқулық. – Алматы: Дәуір, 2011. – 288 б.

3. Мухтарова К.С. Совершенствование механизма финансового планирования в РК. http://www.group-global.org/

4. Колчина Н.В., Португалова О.В., Макеева Е.Ю. Финансовый менеджмент / Под ред. Н.В. Колчаной. – М.: Юнити-Дана, 2008. – 464 с.

5. Ковалев В.В. Практикум по анализу и финансовому менеджменту. – М.:«Финансы и статистика», 2009.

ӘОЖ 347:222.4:1.313.3
А.А. Қадырмолда, *магистрант*
Ғылыми жетекшісі: ***Ш.А. Омарова,*** *э.ғ.к., доцент*
ҚазЭҚХСУ

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУЫМЕН МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ

Мемлекеттік бюджет – мемлекеттің қаржылық жағдайын қамтамасыз ететін басты факторларының бірі.

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, Бюджет Кодексінен және қабылдануы Бюджет Кодексінде көзделген нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Бюджет кодекстінен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Бюджет – мемлекеттің өз міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры. Бюджет жүйесі – бюджеттердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік процестер мен қатынастардың жиынтығы [1].

Мемлекеттік бюджет – мемлекеттің белгілі бір уақыт кезеңіне, көбінесе бір жылға арналған кірістері мен шығыстарының қаржы жоспары. Онда мемлекеттік кірістердің түсетін көздері және қаражаттың жұмсалу бағыттары мен арналары көрсетіледі. Мемлекеттік бюджетті үкімет әзірлейді, жоғары заң шығарушы органдар қабылдап, бекітеді. Бюджеттің атқарылуы барысында оның ішінара қайта қаралуы мүмкін. Барлық демократиялық мемлекеттерде Мемлекеттік бюджетті қабылдау парламенттіңаса маңызды өкілеттіктерінің бірі болып табылады.

Қаржылық байланыстардың орасан зор әр алуандығында жеке ортақ ерекшеліктерімен көзге түсетін оқшауланған сфераларды бөліп көрсетуге болады. Мәселен, мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілермен және халықпен қалыптасатын қаржы қатынастары жалпы қоғамдық өнімді құндық бөлудің ерекше саласын құрайды және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған орталықтандырылған ақша қорын қалыптастырумен және пайдаланумен байланысты болады. Қаржы қатынастарының бұл жиынтығы «мемлекеттік бюджет» ұғымының экономикалық мазмұнын құрайды. Мемлекеттік бюджет мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорын жасау және оны ұдайы өндіріс пен қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсаттарына пайдалану жолымен қоғамдық өнімнің құнын бөлу және қайта бөлу процесінде мемлекет пен қоғамдық өндірістің басқа қатысушылары арасында пайда болатын экономикалық қатынастарды білдіреді. Қаржы қатынастарының белгілі бір жиынтығы ретіндегі мемлекеттік бюджетке ең алдымен жалпы қаржы категориясынан ажыратын өзгеше белгілер тән: бюджет қатынастарының бөлгіштік сипаты бар, әрқашан ақша нысанында жүзеге асырылады, мақсатты ақша қорларын қалыптастырумен және пайдаланумен қосарлана жүреді. Сонымен бірге, бюджет қатынастарына белгілі бір өзіндік ерекшелік тән, алайда ол қаржымен ортақ өзгеше белгілердің шеңберінен шықпайды. Құндық бөліністердің айрықшалықты сферасы ретінде мемлекеттік бюджет мына өзгеше белгілермен сипатталады:

– мемлекеттік жалпы қоғамдық өнімнің бір бөлігін оқшауландырумен және оны қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға пайдаланумен байланысты бөлгіштік қатынастардың айрықша экономикалық нысаны болып табылады;

– құнды жасау және оны тұтыну процесін шарттастыратын материалдық өндіріс қаржысынан және құнды тұтынуға қызмет ететін өндірістік емес сфера қаржысынан мемлекеттік бюджеттің айырмашылығы ол ұлттық шаруашылықтың салалары, аумақтар, экономиканың секторлары, қоғамдық қызметтің сфералары арасында құнды қайта бөлуге арналған;

– қоғамдық өнімдің оның тауар нысанындағы қозғалысымен тікелей байланысты емес құнды бөліністің стадиясын білдіреді және одан белгілі үзілісте жүзеге асырылады, ал қаржы қатынастары материалдық өндірісте де, өндірістік емес сферада да тауар-ақша қатынастарымен тығыз тоқай-

ласып жатады. Мемлекеттік бюджет, кез келген басқа экономикалық категория сияқты өндірістік қатынастарды білдіреді және оларға сәйкес келетін нақты материалдық-заттай түрінде болады: бюджет қатынастары мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорында – бюджеттік қорында затталынады. Мемлекеттің бюджеттің сан қырлы маңызын ескере отырып, оны тек экономикалық категория және мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры ретінде ғана емес, сонымен бірге негізгі қаржы жоспары, әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу механизмінің жиынтық ұғымы ретінде қарауға болады. Мәселен, мемлекеттік бюджетте қоғамдағы барлық экономикалық процестер бейнеленетіндіктен, сондай-ақ барлық негізгі қаржы институттары – салықтар, мемлекеттің шығыстары, мемлекеттік кредит, мемлекеттік қарыздар және т.б. өзінің шоғырланған көрінісін табатындықтан бюджет мемлекеттің негізгі қаржы жоспары ретінде сипатталады. Бюджеттің негізгі қаржы жоспары деп мойындау оның ұлттық табысты қайта бөлудегі маңызды орнын, қаржы жоспарларының жүйесіндегі басымдық жағдайын, сондай-ақ қоғамдық ұдайы өндірістегі айрықша рөлін айқындайды. Негізгі қаржы жоспары мемлекеттің қаржылық қызметінің жемісі болып табылады [2].

Республикалық бюджет – бюджет жүйесінің дербес бөлігі, мемлекеттік бюджет жүйесінің құрамына кіреді. Жалпы республикалық маңызы бар экономикалық, әлеуметтік және несиелік даму саласындағы шаралардың қаржыландырылуын қажет қаражатпен қамтамасыз етеді. Облыстар мен республикалық бағыныстағы қалалардың ең аз нормативтер бойынша шығындарды өтеуге өз кірістері жеткіліксіз болған жағдайда, олардың әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ету мақсатымен қаржы ресурстарының бір бөлігі демеу қаржы түрінде республикалық бюджет арқылы олардың арасында қайта бөлінеді.

Жергілікті бюджет – мемлекеттегі әкімшілік-аумақтық бөліктердің өз әлеуметтік-экономикалық бағдарламасын қаржыландыруға арналған ақшалай қорлары. Жергілікті бюджет жыл сайын оған жергілікті салықтан түсетін түсімдер, одан төленетін шығындар, мемлекеттік бюджеттен берілетін субсидия, т.б. ескеріле отырып жасалады. Жергілікті бюджетті жергілікті маслихаттар бекітеді. Жергілікті бюджет шоғырланған ақшалай қаржылар ретінде жергілікті әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды қаржыландыру үшін пайдаланылады. Жергілікті атқарушы органдар бюджеттен қаржыланатын әлеуметтік-экономикалық бағдарламаны ел Конституциясына және заңдарға сәйкес анықтайды. Облыстағы жергілікті бюджеттің құрамы облыстық бюджеттен және сол облыс аумағындағы қалалар мен аудандардың бюджеттерінің жиынтығынан тұрады. Бұл бюджеттер «Бюджет жүйесі туралы заң» бойынша бюджеттік талдауды қолдана отырып қалыптастырылады, бекітіледі және орындалады. Жергілікті атқару органдары жоғарыда айтылған құжаттарды пайдалана отырып өз бюджеттерін өздері қалыптастырады және орындайды. Қазақстанда жергілікті бюджеттің өзінің ішкі құрамдас бөліктері арасындағы және республикалық бюджетпен қарым-қатынастарын реттеудің төмендегідей механизмдері қолданылады:

– әрбір жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын әлеуметтік-экономикалық бағдарламаны анықтау және олар бойынша шығын көлемін жоспарлау;

– жергілікті бюджетке толықтай түсетін салық және басқадай түсімдер түрін анықтау;

– кейбір салықтан түсетін түсімді жергілікті бюджетке тұрақты нормативпен төлеп беру;

– жергілікті бюджетке мақсатты жәрдем беру механизмі;

– жергілікті бюджеттен мемлекеттік бюджетке қаржы алу механизмі;

– жергілікті бюджетке субсидия беру механизмін әрі қарай жетілдіру, жергілікті атқару және әкімш. органдарына бюджетті қалыптастырудағы және орындаудағы міндеттерін күшейтіп, құқықтарын арттыру.

Жергілікті бюджеттің жергілікті әлеуметтік проблемаларды шешудегі орны ерекше. Олардан әлеуметтік төлемдер, әлеуметтік қамсыздандыру, оқу жүйесінің бағдарламалары, денсаулық сақтау бағдарламасының негізгі бөліктері қаржыландырылады. Сондықтан жергілікті бюджеттер мемлекеттік бюджеттің басты құрамдас бөлігі бола отырып, мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге тікелей қатысады [3].

ҚР қаржы министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, Қазақстанда 2015 ж. 30 қазанның жағдайына қарай 290,577 млрд теңге сомасына 42,6 мыңнан астам бағалы қағаздар және объекті-

лер заңдастырылған. ҚР Ұлттық банкінің есебі бойынша екінші деңгейлі банкілермен 80,5 млрд теңгеге жалпы 174 жинақтаушы шот ашылды, олардың 30 млрд теңгесі жинақтаушы шоттардан шешілді, оның ішінде қаржы заңдастырылғаы үшін бюджетке 3 млрд теңге түсті.

«41,8 млрд теңге ҚР экономикасына инвестицияланған», – деп, хаттамада жазылған.

Қаңтар-қыркүйекте ҚР мемлекеттік бюджетіне түскен түсімдер бойынша жоспар 100,3%-ға орындалды, түсімдер сомасы 3,187 трлн теңгені құрады.

«Ағымдағы жылдың тоғыз айы ішінде бюджеттің кіріс орындау шеңберінде мемлекеттік бюджетке түскен түсімдер жоспары бойынша 100,3%-ға орындалды (жоспар бойынша – 3 179 млрд теңге, түскені – 3 187 млрд теңге, яғни 8 млрд теңгеге асты), жергілікті бюджет бойынша жоспар 102,4%-ға орындалды (жоспар бойынша – 1 092 млрд теңге, түскені – 1 119 млрд теңге, яғни 27 млрд теңгеге асты), республикалық бюджет бойынша жоспар 99,1%-ға орындалды (жоспар бойынша – 2 087 млрд теңге, түскені 2 069 млрд теңге, яғни 18 млрд теңге орындалған жоқ)», – деп МКК-ң хаттамасында жазылған. «Өз қалауымен салық және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлеу коэффициенті өсті» деп МКК төрағасы Д. Ергожин өз есебінде баяндады.

Қаржы министрі Б. Султанов кәсіпкерлікті қолдауды және көлеңкелі экономиканың деңгейін азайтуға бағытталған жұмыстарды жалғастыруға бұйрық берді [4].

«Білім беру және ғылым саласына 2016-2018 жж. 1 трлн 165,4 млрд теңге бағыттау қарастырылған. Оның ішінде 2016 ж. 399,3 млрд теңге бөлінбек», – деді Қаржы министрі.

Осылайша, «білікті мамандарды техникалық салада дайындауға министрліктің үш жылдық уақытында бөлетін қаржысы 456,8 млрд теңгені құрайды, оның ішінде 152,3 млрд теңгесі 2016 ж. бөлінеді».

«Нәтижесінде 2019 жылға қарай ауыл шаруашылығы, техникалық, педагогикалық мамандықтар бойынша 117 мың маман оқыту жоспарланған», – деді Б. Сұлтанов.

Ведомство басшысының айтуынша, ұлттық экономика саласына ғылыми зерттеулер нәтижесінде салым түсіру көзделген.

«Үш жылдық бюджетте бұл мақсаттарға 56,8 млрд теңге бағытталды. Оның ішінде 2016 ж. 21,8 млрд теңге қаржыландырылады», – деп мәлімдеді министр [5].

Республикалық бюджет түсімдері 2016 ж. 6 595,4 млрд теңгені, 2017 ж. 7 130,3 млрд теңгені, 2018 ж. 6 904,7 млрд теңгені құрайды. Үш жылға арналған Ұлттық қордан берілетін кепілдендірілген трансферт 2 300,0 млрд теңге мөлшерінде айқындалды, бұл оны қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасында белгіленген лимиттерге сәйкес келеді.

«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды жалғастыруға Ұлттық қордан нысаналы трансферт 2016 ж. 461,5 млрд теңге, 2017 ж. 750 млрд теңге сомасында көзделген.

2016 ж. арналған республикалық бюджет шығыстары 7 318,9 млрд теңге көлемінде жоспарланып отыр, 2017 ж. 7 731,1 млрд теңге, 2018 ж. 7 457 млрд теңге көлемінде жоспарланады.

Бюджет жобасын қалыптастыру 2018 ж. аяғына дейін орындау деңгейі жоғары жалғасып жатқан жобаларды қоспағанда, жаңа бастамаларға мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлуге мораторий белгілеу туралы Мемлекет басшысының тапсырмаларын ескере отырып, жүзеге асырылды.

Сонымен қатар бюджет жобасында халықтың неғұрлым осал жігін қолдауға байланысты әлеуметтік маңызды іс-шаралар көзделген, оны іске асыру базалық шығыстарды оңтайландыру арқылы мүмкін болды [6].

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2008 ж. 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі.

2. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.

3. Қаржы-экономика сөздігі. – Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007.

УДК 303.722.2:631.16 (347.721)
А.А. Какимова, *магистрант*
Научный руководитель: ***З.К. Жаныбаева,*** *к.э.н., и.о. доцента*
КазУЭФМТ

ФАКТОРНЫЙ АНАЛИЗ В ИССЛЕДОВАНИИ ФИНАНСОВОГО СОСТОЯНИЯ КОРПОРАЦИЙ

Факторный анализ является одним из видов финансового анализа. По словам В.В. Ковалева финансовый анализ – это процесс идентификации, систематизации и аналитической обработки доступных сведений финансового характера, результатом которого является предоставление потенциальному пользователю рекомендаций, которые могут служить формализованной основой для принятия управленческих решений в отношении определенного объекта анализа [1].

Финансовый анализ – это оценка финансового состояния предприятия на основе рассчитанных показателей финансовой отчетности.

Финансовый анализ проводиться для:

- оценки финансового состояния;
- определения изменений в финансовом состоянии;
- определения факторов, обусловивших изменение финансового состояния;
- планирования финансового состояния в будущем.

В.Р. Банк, Г.М. Лиференко, В.В. Бочаров отмечают основные методы финансового анализа:

- ✓ горизонтальный анализ;
- ✓ вертикальный анализ;
- ✓ трендовый анализ;
- ✓ метод финансовых коэффициентов;
- ✓ сравнительный анализ;
- ✓ факторный анализ.

Существует три типа моделей, на которых основываются вышеперечисленные виды финансового анализа: дескриптивные, предикативные, нормативные.

Под воздействием различных внутренних и внешних факторов, функционирует любое предприятие.

Факторами называют движущие силы или причины, вызывающие изменение того или иного показателя [2].

Факторы классифицируются по группам, сформированные по общим признакам.

По природному критерию факторы подразделяются на природные (для сельского хозяйства), социально-экономические (социальные, трудовые условия работников влияет на производительность), производственно-экономические (взаимосвязь масштаба использования производственных ресурсов).

От сферы воздействия: внешние и внутренние. Наиболее управляемыми факторами являются внутренние.

Выделяют также субъективные-подверженные влиянию юридических и физических лиц и объективные не зависящие от людей.

По длительности воздействия выделяют: переменные и постоянные.

По характеру действия: интенсивные (качественные) и экстенсивные (количественные).

По составу: сложные (комплексные) и простые (элементные).

Для проведения факторного анализа необходимы следующие условия:

- ❖ признаки должны быть выражены количественно;
- ❖ превышение числа признаков над числом переменных в два раза;
- ❖ однородность выборки;
- ❖ симметрия переменных;
- ❖ основанность факторного анализа на коррелирующих переменных.

Как и все процессы, факторный анализ состоит из этапов:

1 этап отбор факторов, влияющих на результативный показатель;

2 этап классификация и систематизация факторов;

3 этап определение зависимости;

4 этап моделирование взаимосвязей;

5 этап оценка влияния факторов на результативный показатель;

6 этап работа с факторной моделью.

Факторный анализ подразделяется на виды:

1. а) детерминированный (функциональный);
   б) стохастический (корреляционный);
2. а) прямой (дедуктивный)-от общего к частному;
   б) обратный (индуктивный)-от частного к общему;
3. а) одноступенчатый;
   б) многоступенчатый;
4. а) статический;
   б) динамический;
5. а) ретроспективный;
   б) перспективный.

Детерминированный факторный анализ – результативный показатель данной модели образуется путем произведения, деления и алгебраической суммы факторов. Детерминированный факторный анализ реализуется с помощью метода цепных подстановок, метод абсолютных разниц, интегрального метода, метода логарифмирования.

Стохастический метод факторного анализа по сравнению с детерминированным сложнее. Он представляет собой методику исследования факторов, связь которого с результативным показателем корреляционна (вероятностна). Стохастическая связь – связь, при которой каждому значению соответствует множество значений результативного признака. На основе совокупности эмпирических данных, предпосылкой получения реальной модели является наибольшее совпадение количественных характеристик связей в разрезе всех исходных наблюдений. Методы стохастического факторного анализа: способ парной корреляции, множественный корреляционный анализ, матричные модели, математическое программирование, метод исследования операций, теория игр [3].

Выручка от реализации продукции свидетельствует о завершении производственного цикла предприятия, возврате авансированных на производство средств предприятия в денежную наличность и начале нового витка в обороте средств. После вычета из выручки от реализации продукции суммы налога на добавленную стоимость и акцизов, а также затрат на производство реализованной продукции получим чистый результат (прибыль или убыток) от реализации. Прибыль от реализации может быть рассчитана по формуле (1)

$$PP = NP - SP - РД, \quad (1)$$

где: PP – результат от реализации товарной продукции (работ, услуг);

NP – выручка (валовый доход) от реализации продукции;

SP – затраты на производство реализованной продукции;

РД – налог на добавленную стоимость и акцизы.

Показатели финансовых результатов характеризуют абсолютную эффективность хозяйствования предприятия.

Факторный анализ прибыли от реализации продукции (работ, услуг).

Прибыль от реализации товарной продукции в общем случае изменяется под воздействием таких факторов, как изменение: объема реализации; структуры продукции; отпускных цен на реализованную продукцию; цен на сырье, материалы, топливо, тарифов на энергию и перевозки; уровня затрат материальных и трудовых ресурсов.

1. Расчет общего изменения прибыли (D P) от реализации продукции (2):

$$D\ P = P1 - P0, \quad (2)$$

где: P1 – прибыль отчетного года;

P0 – прибыль базисного года.

2. Расчет влияния на прибыль изменений отпускных цен на реализованную продукцию (3):

$$D\ P1 = Np1 - Np1{,}0 = \text{å}\ p1q1 - \text{å}\ p0q1, \quad (3)$$

где: Np1 = åp1q1 реализация в отчетном году в ценах отчетного года (p – цена изделия; q – количество изделий);

Np1,0 = åp0q1 – реализация в отчетном году в ценах базисного года.

3. Расчет влияния на прибыль изменений в объеме продукции (D P2) (собственно объема продукции в оценке по плановой (базовой) себестоимости) (4):

$$D\ P2 = P0K1 - P0 = P0\ (K1 - 1), \quad (4)$$

где: P0 – прибыль базисного года;

K1 – коэффициент роста объема реализации продукции (5);

$$K1 = S1{,}0 / S0, \quad (5)$$

где: S1,0 – фактическая себестоимость реализованной продукции за отчетный период в ценах и тарифах базисного периода;

S0 – себестоимость базисного года (периода).

4. Расчет влияния на прибыль изменений в объеме продукции, обусловленных изменениями в структуре продукции (D P3) (6):

$$D\ P3 = P0\ (K2 - K1), \quad (6)$$

где: K2 – коэффициент роста объема реализации в оценке по отпускным ценам;

$$K2 = N1{,}0 / N0,$$

где: N1,0 – реализация в отчетном периоде по ценам базисного периода;

N0 – реализация в базисном периоде.

Сумма факторных отклонений дает общее изменение прибыли от реализации за отчетный период, что выражается следующей формулой (7):

$$DP = P1 - P0 = DP1 + DP2 + DP3, \quad (7)$$

где DP – общее изменение прибыли [4].

Составим факторную модель показателя «Объем реализации товаров» на условном ТОО «Восход».

1. Рассчитаем объем реализации товаров по плану и по факту, а также отклонение от плана по всем показателям.

2. Определим размер влияния факторов на изменение объема реализации товаров по сравнению с планом, используя прием цепных подстановок.

3. Проверим правильность решения и сделаем вывод по результатам факторного анализа.

Таблица 1 – **Данные за отчетный год по магазину ТОО «Восход» (в тыс. тг.)**

Показатель	Отчетный год	Отклонение от плана в абсолютной форме	Размер влияния факторов на отклонение от плана по реализации товаров
	План	Факт	
Остатки товаров на начало года тыс. тенге	209	309	100
Поступило товаров за год, тыс. тенге	1809	1909	+100
Остатки товаров на конец года, тыс. тенге	309	419	110
Объем реализации товаров за год, тыс. тенге	1709	1799	90

Решение:

На основе формулы товарного баланса (8) проводится оценка влияния на изменение объема реализации товаров факторов, связанных с наличием и использованием товарных ресурсов:

$$Он + П = Р + Ок, \quad (8)$$

где: Он – остатки товаров на начало года;

П – поступление товаров за год;

Р – Объем реализации товаров за год;

Ок – остатки товаров на конец года.

Отсюда формула (9):

$$Р = Он + П – Ок \quad (9)$$

Результаты расчета приведены в таблице 1.

Итак, объем реализации товаров по плану составил 1 709 тыс. тенге, по факту 1 799 тыс. тенге. План перевыполнен по абсолютной сумме на 90 тыс. тенге. Увеличение объема реализации товаров планируется за счет роста поступления товаров (+100 тыс. тенге), увеличения остатков товаров на начало года (+100 тыс. тенге) и увеличением остатков на конец года (–110 тыс. тенге).

Алгоритм расчета способом цепной подстановки для приведенной выше модели имеет следующий вид:

Рпл = Онпл + Ппл – Окпл = 209 + 1 809 – 309 = 1 709 тыс. тг;

Русл1 = Онф + Ппл – Окпл = 309 + 1 809 – 309 = 1 809 тыс. тг;

Русл 2 = Онф + Пф – Окпл = 309 + 1 909 – 309 = 1 909 тыс. тг;

Рф = Онф + Пф – Окф = 309 + 1 909 – 419 = 1 799 тыс. тг;

РОн = Русл1 – Рпл = 1 809 – 1 709 = +100 тыс. тг;

РП = Русл2 – Русл1 = 1 909 – 1 809 = +100 тыс. тг;

Рок = Рф – Русл2 = 1 799 – 1 909 = –110 тыс. тг;

Робщ = Рф – Рпл = 1 799 – 1 709 = +90 тыс. тг.

Таким образом, на изменение объема реализации товаров по сравнению с планом повлияли следующие факторы:

1) увеличение остатков товаров на начало года + 100 тыс. тг;
2) увеличение поступления товаров за год + 100 тыс. тг;
3) увеличение остатков товаров на конец года – 110 тыс. тг;
Итого: + 90 тыс. тг.

Факторный анализ – один из методов обработки финансовой информации, применяемый для принятия решений в области управления финансами предприятий. Многообразие инструментов, способов факторного анализа позволяет подобрать оптимальный вариант методов для каждого предприятия. На основе факторного анализа можно выделить факторы, влияющие на результирующий показатель, и воздействуя на данный фактор, изменяя его, улучшить финансовое состояние предприятия.

Литература

1. Ковалев В.В. Финансовый менеджмент: теория и практика. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: ТК Велби, Изд. Проспект, 2007. – 333 с.

2. Скамай Л.Г., Трубочкина М.И. Экономический анализ деятельности предприятия: Учебник. – М.: Инфра-М, 2007. – 65 с.

3. Бальжинов А.В., Михеева Е.В. Анализ и диагностика финансово хозяйственной деятельности предприятия: Учебн. пособие. – Улан-Удэ, 2003. – 119 с.

4. http://ptsukanov.narod.ru/

ӘОЖ336.223.4:312.1.312.4

Н.Ж. Капезов, *магистрант*
Ғылыми жетекшісі: ***Г.А. Раматуллаева,*** *э.ғ.к., доцент*
ҚазЭҚХСУ

КӘСІПОРЫННЫҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫН БАСҚАРУ

Кәсіпорынның меншікті капиталы деп шаруашылық субъектілерге немесе иелеріне тиесілі өндірістік шаруашылықтың қаржы ресурстары айналымына жататын, экономикалық қатынастардың жиынтығы түсіндіріледі.

Кәсіпорынның меншікті капиталының құрылымы келесілерден тұрады:
– жарғылық капитал;
– эмиссиялық кіріс;
– сатып алынған меншікті үлес құралдары;
– резервтер;
– бөлінбеген пайда (өтелмеген залал);
– негізгі ұйымның меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиыны;
– бақыламайтын меншік иелерінің үлесі;
– барлығы капитал [1].

Капиталдың құрылымын оңтайландыру кәсіпорынның қаржыны басқару процесіндегі ең күрделі тәртіптерінің бірі болып табылады. Ол меншікті капиталдың кірістілік нормасы мен берешек коэффициенті арасындағы ең тиімді өзара байланысты қамтамасыз ететін меншікті және қарыз капиталының арақатынасын білдіреді.

Бұл қорлардың қаражаттарын өндіру мен тұтыну тәртібі ұйымның жарғысы мен құрылтай құжатымен реттеледі.

Бөлінбеген табыс, бұның жартысы ұйымның өткен жолғы тапқан табысы және меншік иелері

мен қызметкерлер қолданбаған қаражат. Бұл табыс өндірістің дамуына, қайта инвестициялануына, құрылуына, капиталдануына және т.б. бағытталған. Есептік кезеңнің бөлінбеген табысының көлемі, есептік кезеңнің салық салудан кейінгі табысына (шығын), табыстық таза сомасына (таза табыстың) тең. Сондықтан есеп беру кезеңінде ұйымның өткен жылғы бөлінбеген табысы мен аралық бөлінген дивидендтері болмаса, онда оның мәні есеп беру кезіндегі «Таза баға» мәнімен сәйкес келеді.

Меншіктік капиталдың басқа да түрлері: олар пассив балансының біріншібөліміндекөрсетілген жылжымайтын мүлік үшінтөлемдер, жер бөліктері үшін және т.б. төлемдер, сонымен қатар ол қызметкерлердің әлеуметтік қорғанысын қамтамасыз етуге, жол жүру билетін алуға демеу қаржылар, демалыс орындарына жолдама, балалар тұрғынжайларын салуға, сонымен қатар қызметкерлерді материалды түрде ынталандыруға, арналған.

Меншіктік капиталда негізгі екі бөлімін бөліп көрсетуге болады:

– меншік иелері салған қаржыландыру капиталы, т.б. кәсіпорында пайда болған жинақтаушы қор;

– меншіктік капиталдың осы екі бөлімінің деңгейі арқылы – кәсіпорынның шаруашылық қызметінің тиімділігі мен іскерлік белсенділігін бағалауға болады.

Екінші бөлімнің меншікті салмағының арту векторы, кәсіпорынның активтеріне салынған қаражаттың өсу мүмкіндігін анықтайды.

Ұйымның негізгі табысын қайта бағалаудың себебінен де меншіктік капиталдың мәні өсуі мүмкін екенін ескеру керек.

Кәсіпорынның негізгі табысын қайта бағалаудың себебінен меншіктік капиталдың мәнінің өсуі мен таза табыстың есебінен көбейген капиталы, меншіктік капитал мен өзін-өзі қаржыландырудың өсуі есебінен көбейтілген активтер кәсіпорынның мүмкіндіктерін бағалау тұрғысында бағаланатын болады.

Меншіктік капиталды сараптауда мыналарға қол жеткізу керек:

– меншіктік капиталды құраушы негізгі бастауларды анықтау және ұйымның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін оның өзгеру себептерін анықтау;

– ағымдағы және бөлінбеген табысты басқаруда, құқықтық, келісімшарттық, қаржылық тыйымдарды анықтау;

– дивидендтерді алуғабасымды құқыты анықтау;

– таратылатынкәсіпорынның меншік иесіңбасымды құқығынанықтау.

Меншіктік капиталдың жеке статияларының сарапталуы тиіс екендігін меншіктік капиталдың өзінің қаражатын қадағалауында олардың кез келгені құқықтық немесе басқа да кез келген кедергінің анықтамасы бола алады.

Меншіктік капиталды құрайтын статьяларды сараптауда мыналар қажет:

– кәсіпорынның қызметінің істен шықпауын қамтамасыз ету;

– болуы мүмкін шығындар мен капиталдарға, кредиттерге кепілдік беру;

– тапқан табысты бөлуге қатысу;

– кәсіпорынды басқаруға қатысу [2. Б. 102].

Меншіктілік түрлеріне қарай әрқайсысының өзіндік минималды орнатылған жарғылық капиталы болады, нормативті орнатылған деңгейі 1-кестеде көрсетілген.

Меншікті капиталдың рентабельділігін және түскен капитал мен алынып тасталған капиталдың қатынасын анықтауда меншіктік капиталды бағалау маңызды кезең болып табылады.

Нарықтық қатынастарды орнатуда кәсіпорын өзінің қаржыларын өздігімен қалыптастыруға, қаражатты қарызға алуға, кредиттерді беруге, пайыздар мен дивидендтерді төлеуге, сонымен қатар өзінің қаражаттарын өндірістік мақсатта қолдануға құқылы. Бұл операциялар және бұдан басқалары меншіктік капиталды қолдануда жүзеге асырылады.

Капиталдың құрылымы – бұл компанияның маңызды стратегиялық параметрі. Бір жағынан қаржыландыру көзі болып табылатын меншікті капиталға қарағанда одан да арзанырақ қарыз капиталдың тым аз үлесінің толық пайдаланбағанын білдіреді.

Мұндай құрылым компанияның капиталға көп шығындалатынын білдіреді және оған болашақ инвестициялардың табыстылылығына жоғары талап қоюын тудырады. Бір жағынан, капиталдың құрылымы, өтелмеген төлемдердің өсуінің ықтималдылығы және инвесторларға қатер төнуіне

байланысты қарыз қаражаттарына жүктелген, сонымен қатар капиталдың табыстылығына қойған талаптары жоғары. Капиталдың құрылымы бойынша шешімдердің стратегиялық маңыздылығы кредиттік ресурстарды толық пайдаланбағандықтан және асыра пайдаланғандықтан туындайтын капиталға шығындалудың жоғарылығына байланысты компанияның дамуына кедергі келтіреді. Атап өтетін мәселе –, кәсіпорынның тандаған капиталының құрылымы мен оның стратегиясының арасында байланыстылық бар (1-сурет) [3. Б. 85].

1-сурет. **Кәсіпорының стратегиясы мен капитал құрылымының арасындағы байланыс**

Кәсіпорынның капиталының құрылымын құрастыру мәселесін әртүрлі стратектер кәсіпорынның түрлі инвестициялық белсенділігін ескере отырып, жан-жақты қарауды ұйғаруда. Сондықтан, кәсіпорынның капиталының құрылымын экономикалық тиімді құру мәселесін стратегиялық жобалау үдерісімен тығыз байланыста қарастыру керек.

Меншікті капиталды басқару оның құрылуын, тиімді пайдаланылуын және қолдауын басқару, яғни әлден құрылған активтерді басқару. Бұл меншікті капиталды толық басқарумен қатар оның құрылымдық элементтерін басқаруды білдіреді. Меншікті капиталды басқарудың алдында оны алдағы кезеңде басқарудың тиімділігі зерттелуі керек. Бұл талдау қордағы меншікті қаражаттың құрамын анықтауға қажет.

Меншікті капиталдың құрылуы қаражыландырудың құралын немесе нақты бір түрін таңдау

арқылы шектелмейді, оған сонымен қатар тұтас капиталдың құрылымын басқару қарастырылуы керек. Компанияның жасының ұлғаюымен қатар оның капиталының құрылымы қиындай түседі, компанияның қызметінің қаржылық тұрақтылық пен рентабельділік, бизнестің құны мен нарықтағы инвестициялық тартымдылығы секілді маңызды көрсеткіштері әсер ететіндіктен, бұл құрылымды басқару әрекеттері оданда көп сұранысқа ие болады. Меншікті қаржылық ресурстарды құруды басқару үрдісінде олар оның құрылу көздеріне қарай ішкі және сыртқы деп екіге топтайды [4].

Меншікті қаржылық ресурстарды құрайтын ішкі көздердің құрамында басты орын кәсіпорынның иелігінде қалатын табысқа тиесілі, ол оның меншікті қаражат қорының көп бөлігін құрайды, меншікті капиталдың өсуін, сонымен қатар кәсіпорынның нарықтағы құнының өсуін қамтамасыз етеді. Меншікті негізгі қаражаттар мен материалды емес активтерді көп пайдаланушы кәсіпорындарда ішкі қаражатта амортизациялық аударымдардың ролі басым, алайда олар кәсіпорынның меншікті капиталының сомасын көбейтпейді, олар тек қайта қаржыландыру құралы болып табылады.

Ішкі көздер кәсіпорынның меншікті қаржылық қорларын құрауда аса көп рөл атқармайды.

Меншікті қаржылық ресурстарды құрайтын сыртқы көздердің құрамында басты рөл кәсіпорынға қосымша жарналық (жарғылық қорға қосымша жарналық ақшаларды салу жолы арқылы) немесе акциялық капиталды (қосымша эмиссия және акцияны жүзеге асыру жолы арқылы) тарту болып табылады. Жеке кәсіпорындарды құрушы сыртқы меншікті қаржыландыру ресурстарына қайтарымсыз қаржылық көмектер жатады (мұндай көмек әдетте әр түрлі деңгейдегі жеке мемлекеттік кәсіпорындарға ғана көрсетіледі). Сыртқы көздерге кәсіпорынның балансына кіретін, тегін берілетін материалдық және материалдық емес активтер кіреді.

Кәсіпорынның меншікті капиталын басқару негізін меншікті қаржылық ресурстарды басқару құрайды. Бұл үдерісті тиімді басқару мақсатында әдетте кәсіпорында келешек даму қажеттіліктеріне сәйкес әртүрлі қорлардан меншікті қаржылық ресурстарды тартуға бағытталған арнайы қаржылық саясат жасалады.

Сонымен, қорыта айтқанда меншікті капиталды басқарудың негізгі міндеті мыналар: меншікті капиталдың орынды көлемін анықтау, қажеттілік болса, меншікті капиталды бөлінбеген қаражат немесе акцияны қосымша шығару есебінен көбейту, қайта шығарылып жатқан акцияның тиімді құрылымын анықтау, дивидендтік саясатты анықтау және жүзеге асыру.

Әдебиеттер

1. Журнал «Путеводитель Бухгалтера». – 2013.

2. Финансовый менеджмент: проблемы и решения: Учебник для магистров / Под ред. А.З. Бобылевой . – М.: Юрайт, 2012. – 903 с.

3. Кубышкин И. Использование финансового анализа для управления компанией. – 2008.

4. Бурцев А.Л. К вопросу о понятии финансовой устойчивости хозяйствующего субъекта: Сб. науч. тр., 2008.

ӘОЖ 336.221:330.342.2

Ш.Б. Кауасова, *магистрант*
Ғылыми жетекшісі: Б.К. Мергалиев, э.ғ.к. профессор м.а.
ҚазЭҚХСУ

ТІКЕЛЕЙ ЖӘНЕ ЖАНАМА САЛЫҚ САЛУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫ

Салықтар кез келген елдерде мемлекеттің қоғамдық-экономикалық құрылысы мен саяси іс-бағытына қарамастан ұлттық мемлекеттік кірістердің негізгі көзі болып табылады. Барлық елдерде

мемлекеттік шығындар мен салық салу мәселелеріне үлкен көңіл бөлінеді.

Салық дегеніміз өкілетті орган ретінде мемлекет бір жақты бекітетін, құқықтық нысанда болатын, мемлекеттің табысының құрамына кіретін, қайтарымсыздық, эквивалентсіздік, тұрақтылық сипатқа ие және анықталған көлемде, белгілі бір мерзімде төленетін, төленуі мемлекеттің күштеу шараларымен қамтамасыз етілетін міндетті және ақшалай натуралды төлем.

Салықтың атқаратын қызметтеріне байланысты салықтар мен міндетті төлемдерді топтастыруға болады. Соның ішінде ең негізгісі тікелей және жанама салықтар.

Тікелей салықтар – салық төлеушінің кірісі мен мүлкінен алынатын салықтар. Тікелей салықтардың ең соңғы төлеушісі (салық салынушы) мүліктің (табыстың) иесі болып табылады. Олар өз кезегінде нақты және жеке салықтарға жіктеледі.

Нақты салықтар салық төлеушілердің мүлкінің (меншігінің) кейбір түрлеріне (үй, жер, кәсіп, ақшалай капитал және т.б.) салынады. Нақты салыққа Қазақстан Республикасының салық заңнамасы бойынша мүлікке салық, көлік салығы және жер салығы жатады.

Жеке тікелей салықтар – бұл жеке адамдар мен заңды тұлғалардың табыстарына салынатын салықтар. Жеке салықтарға табыс салығы мен белгілі бір деңгейде жер қойнауын пайдаланушылар үшін салықтар мен арнайы төлемдер кіреді. Нақты салықтардан айырмашылығы жеке салық салу әрбір салық төлеушінің жеке табысы мен мүлкін де, оның қаржы жағдайын да ескереді.

Жанама салықтарға келетін болсақ, ол тауарларды сатып алу және қызмет көрсету үрдісінде ұсталып, олардың бағаларына қосылады. Жанама салықтарға қосылған құнға салынатын салық, акциздер жатады.Жанама салықтарға сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметтен түсетін түсімдер де (кеден баждары түріндегі, ішкі рынокта сатылатын тауарлар бағасы мен олардың фактуралық құнының айырмасы) жатады [1].

2015 ж. 30 қараша күні Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында «Үкіметке Ұлттық қордың қаржысын тиімді пайдалануға бағытталған жаңа концепция құруды тапсырамын. Бізге мемлекеттік кірістер мен шығыстардың барлық жүйесін тағы бір қарап шығу керек. Алдымен, бюджеттің пайдалы базасын қолға алу қажет». 2017 ж. бізге ішкі ҚҚС (қосылған құн салығы) орнына сату салығын енгізу керек. Тиімсіз салық жеңілдіктерін алып тастап, салықтық режимді оңтайландырған жөн. Салықтың тек үш кезеңін қалдыру қажет:

1. Жалпы салық.
2. Жеке кәсіпкерлерге арналған патент.
3. Шағын және орта бизнеске және аграрлық секторға арналған арнайы салықтық режим.

Мұндай механизм көлеңкелі экономиканы жарыққа шығарады. Үкіметтің негізгі міндеті – салық саласындағы ашықтық болуы керек. Сонда ғана экономиканың әрбір субъектісі салықты толық көлемде төлейтін болады», – деді [2].

Жанама салықтар мемлекеттің фискалдық мүдделерін білдіреді. Оларды саналы қолдану баға белгілеудің процесіне жағымды ықпал жасауы және тұтынудың құрылымына әсер етуі мүмкін.

Жанама салықтар салудың мәні салықтың тауар бағасына (немесе қызметтің тарифіне) қосылатындығында, кіріктілетіндігінде. Бұл жағдайда салықты тауардың (қызметтің) нақты тұтынушысы төлейді, алайда тұтынушы мен мемлекет арасында тікелей байланыс болмайды.

Егер салық салудың принциптеріне сүйенсек, «салық» және «салық салу» экономикалық категорияларының мазмұнына мән беретін болсақ, онда салық салу жүйесінің қызметтік белгіленуі тұтасымен оның барлық тәжірибелік нысандарына таратылуы қажет. Бірақ салық концепциясын өңдеп, нақты салық нысандарын таңдағанда мына басты мақсат – салық төлеушілер және территория арасындағы фискалды, реттеу жүктемелерін тең түрде жіктеу керектігін естен шығармау керек. Басқаша айтқанда тікелей және жанама салықтар топтарының арасында мүмкіндігінше ең жоғарғы теңдікті белгілеу қажет. Біз жанама салықтар фискалды мақсатта, ал тікелей салықтар ынталандырушы мақсатта қолданылатынын меңгердік. Одан бұрын әрбір салықтың фискалды және реттеу қызметтері салыстырмалы түрде тең болатындай қамтамасыз етіліп, ұйымдастырылуы керек [3].

Сонымен бірге бюджеттік табыстар мен бюджеттен төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін талдау қажет. Бюджеттің табысы мен шығысының арасалмағы бюджеттік қатынастардың

жағдайын емес, салық құрылысына кеткен шығындар, салық төлеушінің қайтарымсыз негізде берген мүліктің (жұмыс, қызметтің) құны.

Декларацияны, бухгалтерлік есеп беруді және балансты дайындағанда табысты, шегерімді шынайы түрде көрсету керек. Бұл көрсеткіштер бюджет алдындағы міндеттемелердің орындалуын көрсетеді және кәсіпорынның төлем жағдайын бағалауға мүмкіндік береді. Мысалы, күмәнді талаптар келесі құжаттар болған жағдайда ғана шегерімге жатқызылады: шот фактура; шот – хабарлама; тауарлы-материалдық құндылықтарды алуға сенімхат; күмәнді талаптарды шегерімге жатқызу кезінде заңды тұлғалар арасында жасалған салыстырып тексеру актісі.

Қазіргі кезде куәлік негізінде жұмыс істейтін заңды тұлға және тұлға төлем көзіне салық салынатын табыс салығы мен тоқсандық есеп айрысуларын тапсыруы міндетті.

Тікелей салықтарға келесілер жатады: корпорациялық табыс салығы, жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, жер салығы, көлік құралдары салығы, мүлік салығы.

Корпоративтік табыс салығы салықтық түсімдерде және мемлекеттік бюджет кірістерінде едәуір орын алады (тиісінше 20%). Бұл салықты мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңи тұлға-резиденттері, сондай-ақ Қазақстан Республикасында кызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын немесе Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алатын заңи тұлға-бейрезиденттер төлейді. Оңайлатылған мағлұмдама негізінде арнаулы салық режимін колданатын заңи тұлғалар көрсетілген режим шеңберінде салық салынатын табыстар бойынша корпоративтік табыс салығын есептейді және төлейді. Корпоративтік табыс салығы салық мерзіміне есептелінеді. Салық мерзімі корпаративтік салық үшін календарлық жыл болып есептелінеді.

Жеке табыс салығы Салық кодексі бойынша салық салу обьектілері бар жеке тұлғалар жеке табыс салығын төлеушілер (бұдан әрі салық төлеушілер) болып табылады. Салық төлеушілер болып салық жылы ішінде салық салынатын табысы бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар. Әрбір салық төлеушілер табыс салығын өздері тұрған жері бойынша төлеуді жүзеге асырады. Салық агенті салық төленген табыстар бойынша салықты аударуды төлем айынан кейінгі айдың 25-іне дейін өзі орналасқан жері бойынша жүзеге асырады.

Әлеуметтік салықтар – нысаналы мақсаттағы тікелей салық түрі. Әлеуметтік салықтар әлеуметтік мақсаттағы бюджеттен тыс нысаналы қорлардың, зейнетақы қорларының, әлеуметтік сақтандыру, жұмыспен қамту қорларының негізгі көзі болып табылады. Салық салу нысаны – еңбек міндеттерін орындағаны үшін төлемнің алуант үрлері.

